

Алдаспан  
*серікбай*

Серікбай  
ӘБІЛМӘЖІН

С  
АРШАТАМЫЗ



Серікбай  
ӘБІЛМӘЖІН



# САРШАТАМЫЗ

(Өлеңдер)

Көкшетау  
2018

**ӨОЖ 821.512.122**

**ҚБЖ 84. Қаз-5**

**Ө-20**

**Әбілмәжін С.**

**Ө-20 Саршатамыз / С.Әбілмәжін – Көкшетау:**  
**«Мир печати», ЖК Устюгова Н.Ф., – 2018. – 152 б.**

**ISBN 978-601-7582-46-3**

Өлең өлкесіне өр дауыспен келген Серікбай Әбілмәжіннің өзекті тақырыбы - туған жерге сарқылмас сағыныш, атамекенге риясыз інкарлық, ұлтына деген ұлы махббат екені менмұңдалап тұрады.

Ақын жырларындағы асқақтық пен нәзіктік һәм терең иірім жарасымын тауып, табиғаттың бояуындай әсемдік оқырман жүрегін бірден баурай жөнелетіні даусыз.

Кітап «Нұр Отан» партиясының Ақмола облыстық филиалының қолдауымен жарыққа шықты.

Бұл кітап өлең сүйер қауымға арналады.

**ӨОЖ 821.512.122**

**ҚБЖ 84. Қаз-5**

**ISBN 978-601-7582-46-3**

**© Әбілмәжін С., 2018**

## АҚ ТІЛЕН

Ақын Жәркен Бөдешұлы «Мен ақын емеспін, тағдырым ақын» деп жырлады. Қазақтың атажұртын аңсаған көші өткен ғасырдың жетпісінші жылдары жазылған Қабдеш Жұмәділовтың «Соңғы көшімен» аяқталған жоқ. Алтай, Арқа, Көкшеге Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін де қазақтың талай-талай көш-керуені бұйда созды. Соның ішінде Абылайдың атақонысы Бурабайға сартап сағынышпен жеткен қанатқақты ақынның бірі, ақбас Алтайда түлеген – Серікбай Әбілмәжін. Қазіргі жастар поэзиясында тілінің шұрайлылығымен ерекшеленетін бір ақын осы Серікбай. 2014 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің тапсырысымен «Үркертөлғақ» («Хан тәңірі») атты тұңғыш жыр жинағы жарық көрген ақын оқырманын елең еткізді. Тау баласындағы биіктікті аңсау, Қара Ертістей қайғы-шеріңді қопара жырлай білу – Серікбай ақынға тән қасиет. Өлеңдерінде тұтастық басым, кешегі өрлік пен

ерлікті аңсай, жүрегін өректіте жазуға әбден машық алған ақын поэзиясы жасықтық пен бойкүйездіктен іргесі аулақ. Әсіресе, бүгінгі таңда көшпелі тірліктен кіндік үзген өз тұрғыластарына салар ойы өлеңінде өзек тартқан. Мамандығы әдебиеттен басқа сала бола тұра әдеби тілге шүлен Серікбайдың өлеңдерінен көшпенділердің дүниетанымы мен мұңдалап тұрады. Ататарихқа құрметі ана тілдің уызына жарыған ұлдың өлең-жырларының өнебойынан жалбыздай аңқып, аңқаңды ашып беретіндей әсерлі. Осы қалпынан танбай, ізденістермен ілгері басса, әдебиеттегі өз орнын адаспай табарына сенімім басым. Қазақ поэзиясының 10 томдық «Жыр маржаны» атты антологиясына өлеңдерінің енуі де ақын шығармашылығының өз биігінде бағалануы деп білем.

*...Алтайдың түнін әлдилер мұңмен,  
сұңқылдақ бір құс бар еді.*

*Көресіні ол құс көрді екен кімнен,  
байғұстың жұмбақ әлемі, –*

деп ақын сырының жұмбақ кейіпте өрілуі де тылсымдыққа құлаш ұру, биіктікке баспалдақ тартуынан болар. Бұндай өлең мысалдарды Серікбай шығармашылығынан көптеп кездестіруге

болады. Мына бір өлеңінде Алтайдағы аласапыран жылдардың қасіреті мен бабалары тартқан тағдырдың тақсіреті жатқандай:

*...Сол ерлердің рухы менмін*

*өлмеген,*

*Арын, туын аждаһаға бермеген,*

*Сарыарқаның самалына шөлдегем,*

*Атажұртқа қанат байлап*

*келген ем.*

Бүгінгі әлемдік өркениет арқылы жаппай жаһанданып жатқан уақытта жалпылықтан жалқылыққа жүгіну ойлы ақынның қалауы болар. Адамның баласы болу өз алдына, Ұлтына перзент болудан артық бақыт болмас, Атажұртқа қанат байлап келген ақынға!

Кейде Алматы, Астана сияқты әдеби ортадан мойыны қашық жататын Серікбай сынды жас ақындар мемлекет тарапынан көрсетілетін қамқорлықтан тыс қалып жатады. Бүгінгі таңда әлемдік әдеби үдерістен қалмай, ұлттық әдебиеттің біртұтастығын сақтау – әр облыстағы басшылар тарапынан да қолдау тауып жатса игіліктің бастауы болмақ. Көкшенің көкөрім жас ақындарының шығармашылығы Республика көлемінде насихатталып, өлеңдері

кітап болып, оқырманға жол тартуын жақсылықтың нышанына баладым. Сол қатардан көрінген Серікбай бауырымның «Саршатамызы» да әдебиетсүйер қауымның оң бағасын еншілеріне күмәнім жоқ. Тілінің кестелілігі мен ойының қанықтығы өлеңдерінде айшықталған Серікбайдың алдағы алар шығармашылық биіктері Оқжетпестей асқақ, Зерендідей мөлдір боларына сенемін.

**Дәулеткерей КӘПҰЛЫ,**  
*ақын, «Дарын» мемлекеттік  
жастар сыйлығының иегері,  
Қазақстанның еңбек  
сіңірген қайраткері.*

САҒЫНЫШТЫҢ АЙЫ БҰЛ –  
САРШАТАМЫЗ!







## МЕНИҢ МАУСЫМДАРЫМ

Күп-күрең, күрең, күрең күз,  
Күреңсе бояп беттерді,  
Сенен де бір жаз өткен-ді.  
Сап-сары, сары сағыныш,  
Қаз қаңқылындай көктемгі,  
Менен де бір наз өткен-ді.

Күп-күрең беткей налыма  
Сайранды шаққа өткен бұл,  
Оралар жаз бен көктем дүр.  
Сағыныш, босқа сарғайма,  
Келмеске бізден кеткен жыл,  
Ортаймас зарын төккен жыр.

Ақ тұма әппақ қаңтарым,  
Қайтейін, суық сұлусың.  
Жаза алмай жүрген жырымсың.  
Қара өлең, әппақ, ақ өлең,  
Қайтейін, сынық сырымсың,  
Бүлінсе, жүрек бүлінсін!

Бүршігін жарған көк өрім,  
Келдің бе тағы, көктемім,  
Өртей де жаздап от демің?!  
Сағыныш сол, сол баяғы,



Көктеммен бірге өткенің,  
Оралар қайта деп пе едің?!

Жаз келер ертең жапырақ  
Жайқала өсіп, гүл ырғап,  
Қайғысыз әнін ыңылдап.  
Сағыныш сол, сол баяғы,

Мұның да жиі құлындап,  
Жырың да жасын сығымдап,  
Сарыла күтіп өтерсің,  
Айнымас досым екенсің!

2015 жыл.





## ЕРТЕК


– Алаштың күні туар арқадан,  
Алшыдан түсіп сақасы.  
Тұран жеріне жұмақ орнайды,  
Тәңірінің тиіп батасы.

Сегіз ағасын іздеген Тәстік,  
Таяуда бәрін табады.  
Атқосшылыққа сегіз дәу ертіп,  
Көршілес жауды шабады.

Айдаһарды да өлтірер бір күн,  
Алтын тас атып зақпаннан.  
Самұрық құстың жұмыртқасына,  
Өрмелеп бара жатқанда.

Жеті басты дәу жерге құлайды,  
Жетінші басы шабылып.  
Алты құрлығың алғыс айтады,  
Менің рухыма табынып.

Керқұла ат мінген Кендебайдың да,  
Оралар шағы жақын-ды...  
Хан Жәңгір енді қуғындамайды,  
Махамбеттей ұлы ақынды.





Тірліктің мәні басқаша болады,  
Тауық жемі үшін терлейтін.  
Содан соң бізге заман келеді,  
Ақындар ерте өлмейтін.

Қолданар әлем менің тілімді,  
Хат-хабар қағаздарына.  
Астана жақты етер құбыла,  
Саяси намаздарына.

Аралың толып, Ертіс кеңейер,  
Ырысы шалқып күнгейдің...  
– Ол күндер бізге қашан келеді?  
– Білмеймін.

*26.05.2018 жыл.*





\* \* \*

Бір нәрсеге кектенем,  
Дүрдәразбын түгесімен өкпемен.  
Ойнап жүріп күйіп қалды төзімім,  
Жанымдағы жалыны мол отпенен.

Бір нәрсеге қуанам,  
Жүрегімде өлең аман, жыр аман.  
Көк түркілік кеңістікте тербетем,  
Көкірегімді аршып алып күнәдан.

Бір нәрсеге мұңданам,  
Маған несін күмілжиді бұл ғалам?!  
Күлтегінің тас кітабын оқып көр,  
Мен туралы жырлаған.

Түсініксіз ғасырлар,  
Жоңғар құмға жұмбағың көп жасырған.  
Сәруар нұрың сәл қиыстау түскен күн,  
Нәубәт өткен нала толы басымнан.

Оған анау мола куә қырдағы,  
Оған мынау балбал куә мұңлы әні.  
Оған куә желтоқсанның ызғары,  
Оған куә отыз жеті құрбаны.

Оған куә хан Кененің әз басы,  
Оған куә аналардың көз жасы.



Бассыз көмген молаларға барып қайт,  
Қасіретінді қозғасын.

**P.S**

Есі бар жұрт армандар,  
Таусап айтар тәубам бар.  
Нәлет саған қан құстырған қас жауым,  
Алғыс сенің рухыңа, Тарландар!

16.12.2016 жыл.





## ЖЫРАУ

Араб бол деп үндеген,  
Сиқы мынау дінімнің.  
Жатырласым күндеген,  
Мүкісі бар тілімнің.  
Бір қазан ет құны жоқ,  
Тұлпар шығар құлынның,  
Бір бақырлық құны жоқ,  
Хас ақынның жырының.  
Әй, кектенем, кектенем,  
Кек алардан түңілдім.

Балта саптан озған соң,  
Хан тегінен азған соң,  
Артық көрер халқынан,  
Дүр көбейді күйіттеген өз басын.  
Оқ атылды оғылан ұл Оспанға,  
Кесіп алдық хан Кененің әз басын.  
Басы байлы құл көбеймей қайтеді,  
Бірлігіміз тозғасын.

Я, Әруақ, Әруақ!  
Айбыныңа түсті бүгін сары дақ,  
Өсер ұлдың бағына бір жармасты,  
Кесек ұлдың тағына бір жармасты,  
Өңшең құлдар жамырап.  
Қатын би боп,



Пұл боп қара топырақ,  
Жетімің жүр шетел асып аңырап.  
Жесір кетті отын өзі өшіріп,  
Жатырында жаттың ұлы тамыр ап.  
Әй, бұл да бір қысыр заман, кер заман,  
Қолда өзін, Әруақ!

Бебеу қаққан, беу заман!  
Осындағы он миллион халқыма,  
Босып жүрген бес миллион халқыма,  
Қашан түсер шуағың?!  
Қысық көздің ирендетіп жыланын,  
Мысық көздің тіксіндіріп құлағын,  
Қашан туар күллі түркі қосатын күн  
ұранын!

Түркі ұранын қосқан күн,  
Асыл текті, бек мүсінді тұлғалар,  
Таққа отырар күн болар.  
Теңгеміз бен тілімізде құн болар,  
Басқан ізім гүл болар,  
Өр рухым жырланар.  
Сары албасты алшаңдауы мұң болар.  
Иығымызға ай қонар,  
Төбемізге күн қонар.  
Төбеге күн қонғанша,  
Қанша ғасыр сырғанар?!

*2015 жыл.*





## ЖОРЫҚ

Маған астар бола алмайды мыналар,  
Асхана мен асқазанның құлдары.  
Қайда қарап жүрді екен мұндарлар,  
Мен жоңғармен қан төгіскен жылдары?!

Қарашы ей, бір төрде отырып бөсуін,  
Кесесінде у ма, әлде, шырын ба?!  
Қайда қарап жүрді екен мұндарлар,  
Оймауытымды оқ тескенде қырымда.

Әй, шіркін-ай! Не істеймін, не етемін?  
Тәңірім-ай, түйсік берсең не етеді!  
Төбе биің анау қасқа болса егер,  
Ғұн жұртының кеткен екен кетеуі.

Күн түбіне жортпаймын деп сеніп ем,  
Тұлпарым да болған күлік майтабан.  
Тарланбоздың қамау терін шығарып,  
Қылышымды қайрашы, ұлым, қайтадан.

Таға соқтыр аты мәшһүр ұстаға,  
Ер шабатын шал тірі ме Алтайда?  
Шаһит кешер сарбазымның жи бәрін,  
Ерге сенбен жорық көрмей қартайған.



Абылайша артар нардың бұйдасын,  
Керіскедей кез аттардың шылбырын...  
Қанға қолды матырап күн белгіле,  
Жақ тартатын білек сайла күн бұрын.

Бітіспеймін саудасы үшін сартпенен,  
Сәлдесі үшін арабыңа бас имен.  
Орысың кім мына менің алдымда,  
Қытайың кім қазақтардың қасында?!

Жауыңмын деп келсе алдыма күпсініп,  
Айнымасқа серт еткем.  
...Тобышығын ойнақтатып бір бабам,  
Шығып келе жатса осылай ертектен!

2017 жыл.





## АБЫЛАЙ

Я, Әруақ! Я, Абылай! Абылай!  
Қас ұлдардың жолын оңғар, а, Құдай.  
Қаймана елдің басылмасын еңсесі,  
Қалың қазақ шашылмасын тарыдай.

Я, Әруақ, құрбанымын намыстың,  
Рухын көтер, даңқын көтер Арыстың.  
Абылайлап алға ұмтылған ер Мансұр,  
«Абылай-лап!» басын кесті Шарыштың.

Ордасына ақ ту ұстап оралды,  
Бағылан ұл шарт жүгінді хан алды:  
«Қасақана қан сасытқан даланы,  
Қан құмар бас кесілмесе обал-ды».

Түркістанда түмен қолын түнетіп,  
Сарыарқада сан сардарын түлетіп,  
Ата жаудың бұрымдысын тұл етіп,  
Екіленген ерсымағын құл етіп.

Ақ ордасын айналдырып обаға,  
Арғымағын ер астында жүдетіп,  
Қашқан жаудың артынан оқ үдетіп,  
Қалмақ қолы қансырады күні өтіп.



Ер Абылай, хан Абылай, Абылай!  
Қалмақ басы шашылды бір тарыдай.  
Марқасқасы маң далада босты бір,  
Өскен ұлы өз әкесін танымай.

Сарыарқаға көз алартып енді кім,  
Сыр бойына сұғын қадар енді кім?!  
Үш жүзімнің шаңырақ қып бірлігін,  
Кереге етіп орда тіктік кеңдігін.

Қас Сақ ұлы, Абылайла, ұранда,  
Бізден мықты ел болған жоқ Тұранда.  
Абылайдың әппақ туы айналды,  
Көк жүзінде күн көтерген қыранға.  
Бізден мықты ел болмайды Тұранда!





## БҮГІН

Өмір сүру дегенді күйбең тірлік деп ұғып,  
Темір жарғақ теңгенің сыңғырына елігіп.  
Ар-ұяты базардың ақша екен деп емініп,  
Адасып жүр тегі жұрт.

Тірлігінің ырғағы – шайлық-сулық есебі,  
Шәкене бір күн кешу,  
жарты күрсақ – төсегі.  
Толғанарлық арыдан сөз сөйлесең көшелі,  
Соқыр тиын деседі.

Қалт еткенде қолдары салған әні одағай,  
Басын басып кетсең де  
мыңқ етпейді обадай.  
Қамбасына тірліктің  
қоқсық жиған қоғам-ай,  
Өз халқыма обал-ай!

Ар ұятың бұйым ба?  
Ұждан деген немене?  
Ойланғандай болады қолын қойып төбеге.  
Сапар шеккен болады  
қалт-құлт еткен кемеде.

Адасып жүр демесең, көңілдері даладай,  
Таласып жүр демесең,  
аңқаулығы баладай.





## ТІЛ

Телегейдей теңізім,  
Текті ауыздан лебізім.  
Тандайымда бүрлеген,  
Тағдырлас егізім.

Желтоқсандағы ерлігім,  
Өз жеріндегі мұңлығым.  
Шимай-шимай тағдырыңдай,  
Шұбарланбашы құлдығым.

Еркіндігімнің тұғыры,  
Рухым сенде марқайған.  
Өшпесін сенің үнің деп,  
Келгенмін сонау Алтайдан.

Тең-тең алтын көтеріп,  
Тезегіне сүрінген.  
Пенделерден нем артық?  
Тілім артық, пұлым кем.

Өбектеп келген сан ғасыр,  
Даламның тілі, бабамның,  
Анамның тілі, арымның,  
Бауырдың тілі, қаламның.  
Болса екен тілі баламның,  
Болса екен тілі ғаламның.



## ЖАЛҚЫ ШУМАҚТАР

Түн көрін қазады іргеме,  
Ай аят оқиды «мүрдеме».  
Махаббат нiлiндей тәп-тәтті,  
Түнімен тауысаймын бірдеңе.







\*\*\*

Міндім, міне, отыз деген көбеңге,  
Отықпадым өңі түзу өлеңге.  
Марқаю ма, есерлік пе, ерлік пе,  
Әй, бабалар, «орда бұзу» деген не?





\*\*\*

Біздің жақта жаз келте, қыс ғұмырлы,  
Мамыр тумай қоймайды күш қылуды.  
Маусым тумай баспайды жел екпінін,  
Тіл секілді сумандап «үш тұғырлы».





\*\*\*

Уа, Жаратқан! Тәңірім!  
Бұл хас Сақта әлі уайым, әлі мұң.  
Сорлы елімді бассыз мойын басқарған,  
Шерлі елімнің кімнен көрем салымын?!





\*\*\*

Ықылым бір ғасырдың тізбегінен,  
Ықылым бір жылдардың іздерінен,  
Соғып өткен сұрқайлы күз желінен,  
Өзімді іздедім мен.





\*\*\*

Арғымағымның ауыздығында қара өлең,  
Ақ шаңқан құзға әу дегенімше барар ем.  
Қасіретімнің қамшысы тиіп көзіме,  
Дақ болып қалды жүрегімде бір қара мең.





## ЖАҢА ҚАЗАҚ ПЕН КӨНЕ ҚАЗАҚ

Оқшау қалған обадай ел ішінен,  
Медет тауып даланың бөрісінен.  
Мүлгіп қана отырмын күбір-күбір,  
Дыбыс естіп түн дейтін көр ішінен.

Медет таптың іргелі ел ішінен,  
Итің жақын даланың бөрісінен.  
Заман желі сен үшін оңнан соғып,  
Заман желі мен үшін терісінен.





## КҮЗГІ ЖЫР

Торғайбас қар күздің шырқын бұзды бір,  
Мендік жүрек сол сағыныш, үздігу.  
Жапырағын желге берген қайындар,  
Жұбатады бізді кім?!

Жапырағын желге берген теректер,  
Жерде жатқан жапырақтар – желектер!  
Сәлден кейін қыс келеді ақ бөрік,  
Кәрі әжемді көрпеге орап өбектер!

Биылғы күз Алтай күзі секілді,  
Жылуы да, суығы да өтімді.  
Сары дөң жақта сарыала қаз дауысы,  
Айтып бара жатыр тездеп жетуді.

«Бұл мекенін сағынады-ау ол енді...»  
Бір суық үн дел-сал еткен денемді.  
Сары күзден неге күтем жақсылық,  
Күзде жазам неге жақсы өлеңді?!

2016 жыл.



## «ӨЛЕҢ САТАМЫН»

Қан сатар едім, мұнайдан қымбат емес ол,  
Ар сатар едім, ақшадан қымбат емес ол.  
Ән сатар едім, әнімнің құны белгілі,  
Жан сатар едім, ешкімге керек емес ол.

Өлеңнен өзге үлесім аз бұл өмірге,  
Ақынның құны  
қаншалық қымбат елінде?!  
Өлеңге емес, ақшаға сатып аласың,  
Тірі пенденің қара қос тігер жерін де.

Өлеңде құн жоқ, сатып алмайды,  
білем мен,  
(Өлеңін қорғап  
бұл қазақ кеше мың өлген).  
Жерменен бірге, елменен бірге ессіздер,  
Өлеңнен қымбат киесін сатып жіберген.

Міскіндік ол да, өлеңі өсіп, елі өспей,  
Именшек ие келімсекке де теңеспей...  
Айырбасталған аз ғана еркіндігіме,  
Артымда қалған  
Алтайдан қымбат емес қой.

Өлең табылар аман болса егер домбырам,  
Сатылған жерді қайтара алмас мөлдір ән.





Айырбасталған қызыл көздердің сұғына,  
Қымбат емес ол Астырахан мен Омбыдан.

Өлең табылар сен аман тұрсаң, мен есен,  
(Еңсесі түсер бедерсіз пенде емес ем).  
Желтоқсандағы тапталған табан астында,  
Қаракөздердің арынан қымбат емес ол.  
Есе бермеген кешегі есіл ұлдардың,  
Қанынан қымбат емес ол.  
Тұран төсінде жосылып жүрген құланның,  
Қағынан қымбат емес ол.  
Жерін қорғаған батырдың қаны төгілген,  
Арғымақтардың жалынан қымбат емес ол.  
Елін қорғауға жалғызын берген ананың,  
Зарынан қымбат емес ол.  
Сатылмай қалған бүгінгі байлығымыздың,  
Барынан қымбат емес ол.

Осынша берген бодауды қалай ақтаймын,  
Рухы сатылған жұртымды қалай  
сақтаймын.

Ділім сатылса, дінімді қалай сақтаймын.  
Тілім сатылса, кегімді қалай жоқтаймын.  
Өлең сатылса, өлімді қалай жоқтаймын.  
Өлеңде менің кием мен ием, бақ, қайғым.  
Теңгесі қалмай торыққан ақын сөзі бұл,  
Сатылмайды өлең!  
Алмайды ешкім!  
Сатпаймын!



## ДАТ

Дат, Тақсыр!

Кесер болсаң міне бас, міне мойын.

Тілді кесу сіз үшін ештеңе емес,

Тісім қағып алсаң да үндемейін.

Дат, Тақсыр!

Қажығұмар тіліндей сала құлаш,

жазығы бар тілдердің обалы жоқ.

Қанын судай шашсаң да бүлік етпейтін,

біздің халық тасбауыр, оба жүрек.

Ең бастысы аяғы...

сосын көзі...

а, айтпақшы құлағы...

Құрту керек!

Аштық деген ашудың қайнар жері,

кеңірдегіне аздаған күтім керек.

Енді қайта тізгінге жармаспайтын,

кесу керек қолын да қылыш құмар.

Тілін кессең қайтадан бұр жарады,

Сталинше у берген дұрыс шығар.

Енді болды, бұл халық үндемейді,

Сіз құдайсыз, ісі жоқ өзгесімен.



Жер бетін жеп, жер астын ішу керек,  
еш тартынба, барлығы өз несібең.

Жұмыс емес, сөзге көп сүйеніңіз.  
Қылыш емес, көзге көп сүйеніңіз.  
Алтынсыз жер баспасын аяғыңыз,  
ен байлықтан кетпесін иегіңіз.

Сары алтыннан болсын тек саптыаяғың,  
Қара алтыннан болсын тек таңғы асыңыз.  
Түскі асыңа уранның қаймағын жеп,  
Кешкі астан соң батыстық ән қосыңыз.

Алғаныңнан аз болсын бергеніңіз,  
қор қызының тұрағы серуеніңіз.  
Ақын деген киелі құс – нысана,  
халық дейтін қоңыр аң – ермегіңіз.

Ажалға да бір айла істеу керек,  
Әзрейілдің ниетін бүлдіріңіз.

.....

Біздің халық өлмейді, қалғиды аздап,  
оянғанша бәрін жеп үлгіріңіз.





## ДАЛА

Білмейтін уақыт өлшемін,  
соныға қызығам мен сенің.  
Сағынтар әрбір тал бөлшегің,  
жанымды көмсе мұң.

Сенде мен аңсайтын мың ән бар,  
әр мұңым ән болып жыландар.  
Шашымның ағартар әр талын,  
қаланы қартайтар ұрандар.

Е, Дала, даланың іңірі,  
ертеңін күтетін егілмей.  
Еңселі қасиет тым ұлы!  
Арғымақ көретін түсінде,  
батырдың үзілер деміндей,  
даланың күбірі.

Күзеткен шайырдың мазарын,  
тіріде жылатқан ғазалы.  
Сені де әлдилеп тұрады,  
естіші мынаны!  
О, қандай ғажап үн!  
Өлген соң мұңымды күзетер,  
мен қашан сондай жыр жазамын.



Күлкісі тым қатты қаланың,  
секілді шайтанмен үйленген,  
мұңы да бөлекше күйге енген.  
Шаршаймын. Шайырдың әдеті,  
шаршаса мәйхана паналау,  
Мен де оны үйренгем.

Мұңлы айдың кірлеген ажары,  
Астында ақынның мазары.  
Тағы да құлазу, күрсіну,  
үздіккен арманның ажалы.  
Сағыну, қайғыру, жылауды,  
О, Дала, сен ғана көтерер,  
еңселі һәм мұңлы, ғажабым!





## КҮЗ ӘНІ

Көңілімнің іргесінен  
қыркүйектің бұлты аунап,  
мұндастығын сылтау етіп  
сезімді жылытар бақ.  
Жапырақсыз бәйтеректер,  
тыр жалаңаш емендер,  
жайрап жатқан жапырақтар,  
жапырақтар – өлендер.  
Жастық тойы тоқыраған,  
гүлдің еріні кезерген,  
Бұлбұлдардың бұла әнінен  
бір салқындық сезем мен.  
Бар тіршілік қақ бөлінген,  
екі үйекке жіктелген,  
Бірі мұңлы һәм самарқау,  
мезі болған күткеннен.  
Бірі асығыс, әр қадамы, әр тынысы есепте,  
Бақыты оның – байлығы мен  
бақастығы кесектеу.  
Бір бойжеткен көз бұлады  
армандасын жоғалтып,  
Бір бозбола кердең басты  
арманына қол артып.  
Бір жеткіншек мектебіне,  
ертеңіне асықты,



Бір қария сөзін бұлдап ел төріне асықты.  
Бір келіншек жар төсегінде  
өртенуге асықты,  
Бір жұмысшы тұрмыс үшін  
тер төгуге асықты.  
Бір бұрышта иесіз ит налу да жоқ,  
қайғы жоқ,  
Бір бұрышта қаңғыбастар,  
асқақтық пен айбын жоқ.  
Құмығыңқы күздің үні...  
Қала у-шу, даңғаза,  
Мұнда оқылған өлең жетім,  
мұнда салған ән қаза.  
Көгіс тартқан бетон сынды  
күл беттенген өтірік,  
Дәйегі жоқ сөз боратқан  
көрік сынды көкірек.  
Тәубесімен өксік басып,  
өзін-өзі жұрт алдап,  
Көгіс тартқан көңілдерін  
сәл-сәл ғана жылытар бақ.  
Қайда барсаң дірдек көңіл,  
қайда барсаң құлазу,  
Тыңдап тұрар бір құдірет  
бар да шығар күз әнін.  
Күз реңді сары қызға  
ғашықтықтан шығар бұл,  
Өзім осы көңілсіздеу күз әніне құмармын.



## КЕЙІС

Сол үміттің саусағынан ем іздеп,  
мен шаршағам сағынышым теңіз боп.  
Жол да әбден шаршап қалған күтуден,  
уақыт желі жүйкесін жеп бітірген.  
Қала мынау тым момақан күйге енген,  
сайқалдықты сайтандардан үйренген.  
Сан жүректің үміттері үгіліп,  
еншісінде – сезімсіздеу тірілік.  
Есінейміз біз тәуелсіз елміз деп,  
салт-дәстүр тек мұражайда көргізбе.  
Тексіз ұлы пұл қылып мәз иманын,  
ессіз қызы етегінен теңге іздеп.  
Далам анау баса алмаған өксігін,  
өз тілінде айта алмайды көп сырын.  
Имансыздың ішірткісі ішкені,  
үлкені мәз бір күн тоқтық – құс көңіл.  
Мағжан сенген жастарының екпіні,  
өшіп қалған тігілген соң көк туы.  
Билік анау көп айқайдан еті өлген,  
халық мынау күлше – үмітін көтерген.  
Тыныш ұйқы аналардың арманы,  
«күміс күлкі» әкелердің арманы.  
Бүгінгісі бар байлығын тауса ішіу,  
бос ыдыстар ертеңіне қалғаны.  
Өз алдына орда тіккенде өр елім!





Ертеңіме тым сенімді бек едім.  
Қазақпын деп қасқаямын деп едім.  
Мына сәби ертеңіміз көк өрім  
өз тілінде көгереді деп едім.  
Сол үміттің саусағынан ем іздеп,  
шалқығамын қуанышым теңіз боп.  
Жол да шалқып қолын бұлғап жататын,  
таң арайлап әнұранмен ататын.  
Сол үміттер ұсқынсыз боп жетіліп,  
күліп жүрміз көңіл үшін өтірік.  
Сенер жасың тоқтығы үшін бір күнгі,  
Сенер ерің атақ үшін қылғынды.  
Есіл елім, кімге сенер екенсің?!  
Есіл ерім, кімге сенер екенсің!!!





## ӘУЕН

Жылап қалған ойымды,  
жұбатады бұл ырғақ.  
Бұл ырғақты тақтым мен  
бойтұмар қып ырымдап.

Балалығым өткелі  
мұңым жиі құлындап.  
Бұлтпен бірге жүрегім  
жасын жиі сығымдап.

Ей, армандар, боз айғыр,  
боз үміттер үкілі.  
Көктен қолын бұлғаған,  
көк жасынның тұқымы.

Ей, армандар, кіл жүйрік,  
кілең нұрға малынған.  
Сол әуенге еліткем,  
ұстап сенің жалыңнан.

Ей, армандар, сағымдар,  
дала кезген мәңгілік.  
Менде барды алыңдар,  
сағынышымды қалдырып.



Менде барды алыңдар,  
керек етсең, ей, құсым.  
Байлықсыз ер қуарып,  
құлап қалар деймісің.

Жел сыздатып саз төккен,  
сыбызғыға құмар ем.  
Бойтұмарым болсын тек,  
баба сазы – бұл әуен.





## ҚАҢҒЫРУ

Ол өмірде жоқ болатын, оралды,  
Ол өмірде бар болатын жоғалды.  
Келгені мен кеткенінің арасын  
бір қою мұң орады.

Содан бері санам бір сәт тыншымай,  
жынды бақсы, жыны қонған жыршыдай.  
Ғарыш жаққа ұшып кеткен жалғыздық  
қайта оралды, қырсық-ай!

Тәңіріден тартыншақтап,  
тынысым,  
үзілердей тілім істі, құрысын!  
Суырға ін қазысқандай сұлкиіп,  
мынау болды тұрысым.

Ессіздіктен ел бұзылып, ер өліп,  
естір құлақ қалмағанда, не делік?  
Адуакат етіп жалдап шәйтәнді,  
әзәзілге айтқызғамын төрелік.

Оны қойшы, жоғалғаны орынды,  
ымырт шақта мысық кесті жолымды.  
Есігімді құлыптаусыз қалдырып,  
бағыттарға сілтей салған қолымды...

жүр, кетейік!



## АЗАТТЫҚ

Мен нені күтемін жұлдыздар ішінен,  
арманым кісінеп?  
Кеудемде тулаған қазақы жүрегім  
тілдесші ақиқат құсымен.  
Армансыз жырлаймын,  
армансыз күлермін,  
көк Туға сүйеніп.  
Бағзыдағы көк бөрілердің,  
кешегі көп серілердің,  
рухын оятып жіберсін күлкім.  
Кешегі кеудесімен көк тіреген көп шен-  
ділердің  
қолында қыңсылаған көксеректің  
Рухын ұшықтап бүгінгі даланың демімен,  
есіне түсірсін тілі мен ділін,  
есіне түсірсін ұлтын.

Кеше біз кім едік?  
Біз кеше....  
Айтуға тым ауыр.  
Кешегі күніміз тым мұңлы жыр-дастан,  
бүгінгі күнімнің күмбірі бір басқа.  
Киелі қазақтың кең пейіл ұғымы,  
ғарышта оянған, ғарышқа үн қосқан.



Кешегі қамкөңіл қазақтың  
желтоқсан қарыған ып-ыстық жүрегін,  
бүгінгі ұрпақтың үр жаңа тілегін,  
Тәуелсіз әніммен әлдилеп,  
Тәуелсіз аспанға жазамын!

Бүгінгі жап-жарық жұлдыздар ішінен,  
Кешегі ерлердің арманы кісінеп,  
Тілегі көк Ту боп желбіреп,  
Жүрегі күн болып елжіреп,  
шаттанған Қазақпын!  
Беу, шіркін, Азаттық!







## ЕКІ ӨЛЕҢ

### БОДАН ХАЛЫҚ ӨЛЕҢІ

Мен ғашықпын аспанға,  
Мен ғашықпын қанатына құстардың.  
Аспан жаққа ұшуға бір құштармын.  
Қанаты бар еркіндікті көктегі  
қолмен қалай ұстармын.







## ЕРКІН ХАЛЫҚ ӨЛЕҢІ

Кендігін-ай даламның,  
кезе, кезе шаршадым.  
Өрлігін-ай тауымның,  
өрлей, өрлей шаршадым.  
Тереңін-ай көлімнің,  
бойлатпай серпіп шығарды.  
Өлеңін-ай елімнің,  
шерімді шертіп шығарды.

Тұранның төсі – қонақ үй,  
жататын бөлмем – жайлауым.  
Ашық аспан – айбыным,  
Сенімім – туым, байрағым.  
Аңдары – азық, суы – бал,  
Орманы – құрбы, жел – досым.  
Байлық пен бақыт туысым,  
Еркіндік менің жерлесім!!





## АҒА

(Мұрат Шаймаранұлына)

Аға-ау, Аға!  
Өзіндей асыл жанды ойлап,  
Санада сағыныш салды ойнақ.  
Ертелі-кеш жыр жазам,  
Бұйырар содан қандай бақ.

Бал кештің тыңдап күбірін,  
Өтеме деп ем ғұмырым.  
Аспандағы айға ұлып жүр,  
Бөрі болам деп бұл інің.

Сен жазған жырдай әдемі,  
Айтылмас сырдай сәлемі.  
Санамда жүріп шаң басты,  
Мінсіз бір музам бар еді.

Тәбетім тартпай күлкіге,  
Тағасыз аттай іркілем.  
Ініңді жасын үніңмен,  
Сілкілеп алшы, сілкілеп.

Тымырсық қандай тар әлем,  
Сырлассам бағзы даламмен.



Алатау сынды тұлғанды,  
Сағынып жүрмін, аға мен!

Елітіп шайыр жүрегін,  
Есіней тыңдап тілегін,  
Алматы әлі жатыр ма  
Алатауға артып білегін?!

Аруы – арман, кіл керім,  
Мәйхана болған түнгі емім.  
Көне шаһарға көмілген,  
Қайғысыз, қамсыз күндерім.

Жырлары жақұт, үні мұң,  
Шираздың сүйген сұлуын,  
Кәйіпшіл сол бір шайырдың,  
Аңсаймын мен де ғұмырын.

Сыймаған Алтай, Алатау,  
Бұйырар бізге қандай бақ?!  
Жалаға жасын ән байлап,  
Татымсыз күнге қан қайнап,  
Тартып бір кетсем қайтеді,  
Бататын күнді маңдайға ап?!

Аға-ау!



## ТАС МҮСІН ЖЫРЫ

(Мұқағали Мақатаевқа)

Тас мүсін сенде жүрек бар,  
жүрек бар сенде білем мен.  
Кеудеңде жанып тұр оттар,  
тас жүзің бірақ түнерген.

Жылайсың сен, білем мен,  
жаңбырмен бірге жылайсың.  
Аспанға қарап түнерген,  
адамға бақыт сұрайсың.

Мүсінге бәрін жасырып,  
рухың жүр тірі жыр оқып.  
Тұрсың ба әлі ашынып,  
Тірі мұндарды күзетіп?!

Жалығып қайтқан өмірге,  
жалт етіп қайта қарашы.  
Салды ма қапа көңілге,  
аруақтардың қаласы.

Жолдарға сыймай шектелген,  
шексіздіктерге жармасып.  
«Мың жүрек болып көктеп ең,  
қайыңмен өмір алмасып».



Қозғалса қайта сырларың,  
кеңсайдың қойыны дүр етпек.  
Бұл күнде әрбір жырларың,  
соғады бір-бір жүрек боп.

Жатырсың мұнда жылынып,  
өлеңнің жаққан отымен.  
Тірліктен кеше түңіліп,  
төзе алмай өліп кетіп ең.

Бұл күнде жауың жүгініп,  
азайған шығар таласы.  
Тас мүсін қайта тіріліп,  
Тірлікке қайта қарашы.

2004 жыл.





## ҚОРҚЫНЫШ

Ей, Аллам, бергенің бе бұл,  
Ей, Аллам, бермегенің бе.  
Көк езу көлдің шетінде,  
Кезеріп шөлдегенімде,  
Таңдайы кеуіп талыққан  
Құлыңа берген суың ба?!  
Кісәпір күнәм үшін бұл  
Ұлыңа берген уың ба?!  
Етек-жеңім жиналмай,  
Еңіремейін ерек бір.  
Күнәмді, Аллам, кешіріп,  
Күнәһар ұлға медет бер!  
Ей, Аллам!

*2007 жыл.*





\*\*\*

Ұлым блып келер ме екенсің,  
Қызым болып келер ме екенсің.  
Көбіктей өткен көп күнді  
Жарығыңменен өтерсің.  
Жабығып жүрген шағымда  
Ояттың қайта мені де.  
Күншілдік мүлдем болмайтын,  
Пенделік те онда болмайтын,  
Арамдық өліп жөргекте,  
Адалдық гүлі солмайтын,  
Әкелсем деп ем өмірге.  
Жетпеген армандарым мен  
жетпеген жебелерімді,  
Сен жеткіз, күнім, көгіме.  
Жүрегім еріп кетсін бір,  
«Әке» деп күлген шағында.  
Балам боп қайта жетсін бір,  
Айналған арман сағымға.  
Арыстан жүрек ұл боп кел,  
Көктемдей көркем қыз боп кел!  
Жарығы жетім бұл жерден  
Жақсылық қана іздеп кел.  
Аман бол ұлым боп келсең!  
Аман бол қызым боп келсең!



## БЕСІК ЖЫРЛАРЫ

### ҰЛПАН

Сен өмірге келген күннен былайғы,  
Күндеріме шүкір айтып жылаймын.  
Күбір толы кеудеме нұр құйылып,  
Маған тартқан ұлы сыйы Құдайдың.

Сәби даусың естілген күн – ұлы күн,  
Әке болып қуанғанмын, құлыным!  
Әке болып оянғанмын ұйқымнан,  
Сыйпағанмын тәтті үміттің бұрымын.

Әлди, әлди, әлди, бөпем,  
Сеніменен  
Көзімдегі көкшіл мұнды емдегем.  
Қызым үшін садаға етем музамды,  
Тынышымды алма менің енді өлең!







## ШОЛПАН

Алақай!

Анаң тағы бесік жырын айтады,  
Әкең тағы есіл жырын жазады.  
Күллі әлемді саған сыйға тартамын,  
Асыл мата, жасыл жөргек аз әлі.

Бесігіңе жұлдыз шамын жағармын,  
Бәсіреңе планета байлармын.  
Тәңірі нұрына жуынғаныңнан айналдым,  
Тәуелсіз елде туылғаныңнан айналдым.

Таңғы шуағым, мәңгі шырағым,  
Шолпаным,  
Ертеңім енді күлкіңе шомған кіл сағым.  
Әлемді сенің күлкіңе бөлеп күлдіріп,  
Әлемді сенің нұрыңа бөлеп жылытамын.

Шалықтап жатқан жүзіңе қарап егіліп,  
Мейіріммен шексіз  
шекеңнен сенің сүйген ем.  
Күнәсіз күнім, теңдессіз сенің нұрыңмен,  
Бақыттың бәрі басыма қонды үймелеп.

Бақытым жайлы Алланың айтқан сәлемі,  
Үілің сенің,  
Ұыз сәбиім, бұлағым.



Жеті қырқаның астында тұрған жерұйық,  
Жеті қат көктің астында тұрған жұмағым.

Құлыным менің,  
шабыт боп кірші кеудеме,  
Әрбір тынысың айналсын сосын әр әнге.  
Ұйыған бейбіт ұйқыңның болар бесігі,  
Күнәсіз сенің күлкінді берсін әлемге!





## СҰЛТАН

Уыстап арман ұлым келді өмірге,  
Айылын тартар атымның.  
Қазақ қашанғы ұлтан болар деп,  
«Сұлтан!» деп азан шақырдым.

Хандар киетін торқадан жөргек,  
Орадым үлде-бүлдеге.  
Алтайдың анау қалың нуындай,  
Қалың ел қонсын іргеңе.

Бусанып шабыт бұлақ ағызды,  
Өлеңнің сыйлап керімін.  
Қайыңдыбұлақтың бұла суындай,  
Тұп-тұнық болсын өмірің.

Ақын жүректі аңғал әкеңнің,  
Таудың аршасы аңсары ең.  
Бесігіңді анаңа аластатайын,  
Алтайдан әкелген аршамен.

Ақ бұлттан үзіп тамшы сыйладым,  
Адал көтер деп ар жүгін.  
Тобылғы сапты қамшы сыйладым,  
Тұлпар болсын деп тағдырың.



Алты жыл жиған асық сыйладым,  
Алшыдан түсер сақасы.  
Тонымды сатып домбыра алдыр-  
дым,  
Күмбірлі күйдің атасы.

Емірене сені емізгенде анаң,  
Еліктің етін жегіздім.  
Еліктей бейбіт, еркін мінезді,  
Елпек болсын деп лебің.

Қазірше білмеймін бәсіре тайың,  
Қайсы биенің ішінде.  
Аймандай тұлпар мініп жүресің,  
Батыр ұл болып түсімде.

Батыр болмасқа қақың жоқ сенің,  
Елім – аз, жерім – ұлан-ғайыр.  
Ақынға біткен отты жанарың,  
Батырға біткен маңдайың.

Сұлтан болмасқа қақың жоқ сенің,  
Ұлтан көп, құл көп елде бұл.  
Алайда, ұлым, ар-ұятыңды,  
Арзандатпасын теңге – өмір!



## СЫЛТАУ

Әй, мынау бір өмір болды-ау тым қараң,  
Бөрі үміткер бөлтірік ем, кім болам?  
Күнде кеште ақыл айтып жатады,  
Көп пысыққа бір надан.

Кейде байлық қанша есігім қақса да,  
Ашқым келмей ол тәкаппар патшаға.  
Талмаусырап жатқан менің рухымды,  
Айырбастап алғысы бар ақшаға.

Бөрі үміткер бөлтірік ем, кім болам?  
Аш мысықтың табан үнін тыңдаған.  
Мені ойланбай жаратқан-ау ақ үміт,  
Ана сүтке қарыздар ғып бұл ғалам.

Бас қатырып бассыз ойға не түрлі,  
Бұл басымнан не түрлі мұң жетілді.  
Адам болып қалғанына ақылым,  
Әй, келісіп өкінді.

Жүзім қайтып жүздескеннің бәрінен,  
Жолым болмай...

(қайдан қарғыс алып ем?)

Ақыл сұрап бардым апақ-сапақта,  
Мезгіл дейтін миы ауысқан кәріден.



Ол шал айтты, жақ кірісін зорға ашты,  
Сен емессің ең ақырғы, алғашқы.  
Ашырқана шарабыңнан бір жұт та,  
Ары қарай тірлігіңді жалғастыр!  
Сосын, іштім!

2004 жыл.





\*\*\*

Бақыттан кейде жылаймын,  
Бақыт та у ғой аштырақ.  
Мазасын алдым Құдайдың  
Мағынасыздау бақ сұрап.

Бақыттан кейде күлемін,  
Бақытқа бәрі балама.  
Күдікке күпті жүрегің,  
Күрсініп бір сәт қалады ә!

Бақыттан кейде мастанам,  
Шарап қой ол бір, шалқып іш.  
Алдыңнан есік ашпаған  
Ессіздеу күнге тартылыс...





## КҮЗ КЕЛДІ КҮРЕҢ БҰЛ МАҢҒА

Күз келді күрең бұл маңға,  
Күлімдеп жетті күреңім.  
Топырақ болып тапталар,  
Жапырақтарым – жүрегім.

Тарылып мүлдем тынысым,  
Талықсып күткен сыңарым.  
Демігің басып желменен,  
Дертінді жырмен сылармын.

Жас келін кірген үй сынды,  
Мерекем еді мына күн.  
Қыз ғұмырлы гүлдерім,  
Түнімен неге жыладың.

Түнімен сен де жыладың,  
Тамыздың шығы, мөлтеңім.  
Жазылмай жүрген өлеңім,  
Аяқталмаған ертегім.

Тостыма толтырдым,  
Тамыздың соңғы нөсерін.  
Жапырақтарды – жүректі,  
Жолыңа сенің төседім.





## ПЕССИМИЗМ

Мен өлгім келеді,  
Көзіме көк ала шыбын жиылып,  
Құлағыма қорғасын құйылып,  
Тәнімді құмырсқа жеп,  
Жанымды Жәбірейілдің сыйы ғып,  
Жаназамды қарға оқыса,  
Жанарымды сауысқан шоқыса.  
Ми орынына аралар дуылдап,  
Басымда қоңыз жыбырлап.  
Сосын қалған денемді  
аш қасқыр кергілеп,  
Арлан бөрінің аузында  
бас терім желбіреп,  
Жалғастырған сіңірлерім,  
Қасқырларды араздастырып,  
Қалған ең соңғы қу жілігімді,  
Жемір қожайынның аш иті  
азанғы ас қылып,  
Құрысам өмірден, шіркін!!!

2004 жыл.



## ТҮН

Түпсіздікке тұншықтырып түн мені,  
Тұнжырайды тылсым бір.  
Тоқтап қалды тіршіліктің үндері,  
Тек мен ғана күрсіндім.

Жабылмаған жанарындай өліктің,  
өлімсіреп жұлдыздар.  
Жаназасын оқығандай көріктің,  
Түнгі ызғар.

Ұмыттырып менің тыныш ұйқымды,  
Отырмын көз ілмей.  
Ашып бердім түнге мынау сиқымды,  
Ал, түн тұр көз ілмей.

...Салып көр, қане,  
қиғылық қырсықтарыңды,  
Қазірше азатсың.  
Көремін түн сенің тұншыққаныңды,  
Таң атсын...

*2004 жыл.*





## ЕНЖАРЛЫҚ

Е, мынау көктем екен ғой,  
Бүршігін жармаған әлі.  
Асығып жеткен екен ғой,  
Құстардың самғаған әні.

Бір сұлу самалы да бар,  
Еркелеп қойыныма кірген.  
Албырттау бала қыздардай,  
Мойыныма асылған бірден.

Ең алғаш сайраным өткен,  
Сағындым, далалығым-ай.  
Көктемге айналып кеткен,  
Беу, шіркін, балалығым-ай!





## ҮРЕЙ

Ай маңдайын айғыздаған өлімі,  
Елес көрдім ажал сүйген еріні.  
Жанарында қош-қош айтып өмірі,  
Құлағында жаңғырыққан көр үні.

Қасіретін жасыра алмай түр-түсі,  
Адастырып, таба алмаған күлкісін.  
Енді мәңгі көре алмайды көктемді,  
Енді мәңгі қарсы алмайды жыл құсын.

Өлім – ұлы тыныштық деп мойындап,  
Қуанышы, күрсінісі жойылған.  
Естелігі аяқталған сөйлемге,  
Үшеу емес, жалғыз нүкте қойылған.

Өлім елес арбады да мені де,  
Өмір – шалдың жасырындым жеңіне.  
Өлім күйі соңғы елесін әлдилеп,  
Мына бейбақ кетер болды-ау көріне.

АЛТАЙДЫҢ ТҮНІН ӘЛДИЛЕР  
МҰҢМЕН...





## БАЙҒҰС ҮНІ

Алтайдың түнін әдилер мұңмен,  
сұңқылдақ бір құс бар еді.  
Көресіні ол құс көрді екен кімнен,  
байғұстың жұмбақ әлемі.

Мұң зарын анам түсінер еді,  
құлақ салып ұзақ тыңдайтын.  
Бүгінде сол үн түсіме енеді,  
белгісіз маған мұнды айтып.

Зарыққан елдің зары бар шығар,  
бөлініп қалып арқадан.  
Сағынышыма жорыған шығар,  
жолымды тосқан қарт анам.

Алтайда тіптен көбейді дейді,  
сұңқылдақ сол үн бүгінде.  
Сыңсыған орман үнін қосады,  
сөйлеген шүршіт тілінде.

Әуені ме екен бақыты көшпелі,  
әлди де, әлди арманның?  
Қайырмасы ма қаралы көштегі,  
Елім-айлаған зарлы әннің?



Әйтеуір, сол үн көбейді дейді,  
сол байғұс нені бүлдірсін.  
Анам айтқандай жақсылық болар,  
Жақсылық шығар кім білсін?!





## ОМБЫДАН АТТАНУ

Ал, қоштасам сенімен,  
Ескі шаһар, кір қала.  
Сен бәрібір өгейсің,  
Қимасым бар бір ғана.

Қимасым бар бір ғана,  
Еңіреген Ертісім,  
Лайланған Ертісім,  
Ата Алтайға серт үшін,  
Көз жасымды сен түсін.

Сені мұнда ескі бір  
Арнаң айдап келген-ді.  
Мені мұнда есті бір  
Арман айдап келген-ді.

Мен күрсінем Алтайға  
Тағдырымды бұра алмай.  
Сен жылайсың қазақтың  
Қасіретін жуа алмай.

Ертіс, Ертіс, бұл Ертіс,  
Басы Алтайда қу Ертіс,  
Аяғы мұзды тұл Ертіс,  
Жағалауы гүл Ертіс,





Толқыны толған мұң Ертіс!  
Ажалы қоймай түртпектеп,  
Дештінің жұртын ірітпекке,  
Хан сымақ қарға-құзғынын,  
Жағаңа орда тігіп күтпекке,  
Күпсініп келген жауымның  
басы қалған бұл Ертіс!

Кешегі өткен бабалар,  
Қосарға қосын артқанда,  
Күн түбіне жортқанда,  
Күңіrentіп жақ тартқанда,  
Аттандырып жағанда,  
Ауыл қалған бұл Ертіс!

Қайыңнан шокпар асынып,  
Қаймана жауды қашырып,  
Қазақтың бағын асырып,  
Қасқая шапқан батырға,  
Қақ жарылып айдыны,  
Өткел де берген бұл Ертіс!

Ілкіде сенің жағанда,  
Ер Оспан барда кім едім?!  
Ат құлағын соққан тізесі,  
Ереуіл атты ірі едім.  
Екеуі болса, бірі едім,  
Біреуі болса, өзі едім!



Өгейсімей қайтейін,  
Өздесетін күн қайда?!  
Көк байрақтың түбінде,  
Кездесетін күн қайда?!

Орманың толған албасты,  
Алысатын күн қайда?!  
Ағайынмен шұрқырап,  
Табысатын күн қайда?!

Жерің толы жезтырнақ,  
Егес қылар күн қайда?!  
Мәртөбеге жиылып,  
Кеңес құрар күн қайда?!

Ал, қоштасам сенімен,  
Ілкіде қалған ескі жұрт.  
Елендеп барам далаңнан,  
Ескі бір ұран естіліп!

*23.04.2015 жыл.*



## СОҢҒЫ ШАЛ. ЕРТЕК

(Баллада)

Алтайда, анау жон тауда,  
жалғыздан жортар қасқыры.  
Арғымақ кетпей арқаннан,  
жорықпен өткен жас күні.  
Оғылан туған Оспанның  
сенімді сарбаз жігіті.  
Оқ түйреп оң жақ тобығын,  
жүрекке шапқан уыты.  
Тапалдау бойы демесең,  
екі иық есікке ендемес,  
Қартайған нағыз ерлерше,  
жорғалап өткен пенде емес.  
Тереңге тартып жанары,  
әжімі сөйлеп тұратын,  
бар еді бір шал ауылда,  
белдеуден кетпес құр аты.

Соғымның басы тартылған,  
қонақасыда кешкілік,  
«Мешіннің қысы еді»,— деп,  
әңгіме қозғар ескілік.  
«Мешіннің қысы еді...»,— деп,  
созатын сөздің бұйдасын.  
Содан соң ауыр күрсінер,



еске алған жандай қимасын.  
«Сол жылы қатты жұт болды,  
Қалған-ды ел-жұрт тұралап.  
Жағаға жауы жармасып,  
қораға бөрі сығалап.  
Үдіре, үрке көшті ауыл,  
алды артын бірдей тұман ап.

Отыздай жігіт сайландық,  
мылтығы осал, ат мықты.  
Білек пен жүрек сенімді  
ада етіп аман ап шықты.  
Бекініп тас пен төбеге,  
тұрғыда тұрған шақ еді.  
Жар астынан жау шығып,  
бір шымшып өтті зәрені.  
Дауылпаз ұлдың екпіні  
еңсені бірден көтерді.  
Жауына ажал түкіріп,  
шиті мылтықтар жөтелді.  
«Жәнібек!» – ұран әл беріп,  
қанды кектен қан кеуіп,  
қара қытайды қырдық-ай,  
жан алысып, жан беріп.  
Зымырап ұшқан қорғасын,  
екпеттеп жатқан жігіттің  
қасқа тісін қағып ап,  
қолтықтан шықты қан болып.  
Он сегіздегі жігіттің,  
сіріленіп жаны үлгірді.





Күйдірген құрым киізбен,  
он шақты күн мен түн жүрді.  
Ажалдан аман қалды ерім,  
қорғасын оқтан өлмеді.  
Кеудесін буып қанды кек,  
жарасын жалап емдеді...  
Қайран да, қайран ерлер-ай,  
шабынып өткен арыстан.  
Бір өлім ғана бұйырған,  
өлсе өлген жалғыз намыстан.  
Қа-й-й-ран...».

.....

Ертек деп ұқты былайғы ел,  
есіней сүртіп терлерін.  
Сипалап қойып сыздаған,  
тікенек кірген жерлерін.  
Сендіре алмай шал кетті,  
бүгінгі күннің ерлерін.

Сол шал да кетті өмірден,  
күп-күрең ғұмыр өткеріп.  
«Мешіннің қысы еді», – деп  
басталар ертек кетті еріп.





## ҚАНАТ

*Әке, маған қанат алып берші.*

Төрт жасар Ұлпанның тілегі.

*Қанаты бар еркіндікті көктегі,  
қолмен қалай ұстармын.*

«Бодан халық өлеңі».

*Автор.*

І

Тұран төсін дүбірімен тербеген,  
Елі үшін ерегеспен ерлеген,  
Ешкімге де басын иіп көрмеген,  
Досым десе, асын аяп қалмаған,  
Қасым десе, алдаспанын сермеген,  
Тұранда ер көп түсірмеген еңсесін,  
Сол ерлердің рухы менмін өлмеген,  
Арын, туын аждаһаға бермеген,  
Сарыарқаның самалына шөлдегем,  
Ата жұртқа қанат байлап келген ем.

Көк байрағын көк аспанға көтеріп,  
Көк шалғынға орда тіккен, сөтерім!  
Шекесіне шер құйылған, күн өткен,  
Жетесіне жез құйылған, жетелім.  
Алатауға арқа берген, Ардағым,  
Көкшетауға көсілдірген көлемін,  
Ата жауын аттатпаған қарға адым,



Қас жауына қас қақпаған, Беренім!  
Алтай жақтан күн шығарған, Айбарым,  
Атырауда күн батырған, Дегдарым!  
Жеті құлаш найзасымен көк тіреп,  
Алты құлаш азу тісі от күреп,  
Дүр сілкінген ерлердің,  
Қаныменен қорғап қалған жерлер бұл!

II

Сол ерлердің рухы менмін өлмеген,  
Қарт Алтай мен Тарбағатай, Ілені,  
Қанша ғасыр күзеттім.  
Ау, менің де маңдайымнан күн өтіп,  
Табанымнан сыз өтті.  
Өз басымды дулығаға толтырып,  
Арсыз жауды аңдыдым.  
Шіріп кетті тебінгім,  
Шөгіп қалды шекпеніме нар мұңым.

Алғы күні Қас Сақтың ер ұрпағы,  
Сауыт қылып кебенегін кидіріп,  
Жауға салдым Зуханы.  
Аспанына

«Шығыс Түркістан» деп жазып,  
Ақ кизге көтеріп, хан сайладым Оспанды.  
Дүрлеріме ұран болды бостандық.  
Жер бетінің жауыздары жиылып,  
Босағасын бүлдіріп,  
шаңырағын сындырды,  
Ақыры Оспан қапыда жер жастанды.



Қара санынан қадақ етін жұлдырып,  
Жауға аттанды жырын айтып Сұлубай.  
Ел шұбырды қанды жасын сығымдай...  
Қайсы бірін айтайын,  
Сол ерлердің кебенегін оқ тесіп,  
Кебінделмей қан майданға көмілді.  
Қылыш кесті иілмеген басымды.  
Еңіреген ерлерімнің ұрпағы,  
Азияны көктей өтіп,  
Еуропаға шашылды.

### III

Елу жылда ел жаңа,  
Қазаным да жаңаруға шақ қалды.  
Қанатымды қомданып,  
Жетілдіріп топшымды,  
Ата жұртқа аттандым.  
Емірене қолым қойып кеудеме,  
Көк байраққа сүйіндім,  
Әнұранға ұйыдым.  
Тілімізді тірілтіп,  
Дінімізді төбемізге көтердік.  
Қанатым бар тәуелсіз,  
Кеңістігім жетерлік.

Кеңістігім жетерлік,  
Тау көшірер екпінім.  
Алты алаштың баласы,  
Армандаған жетті күн.  
«Өзенге бие байлатып,  
Төскейге орда орнатып,





Төрткілдеп ошақ қаздырып,  
Төбел бие сойдырып,  
Төменде бидің кеңесін»,  
Біз де бір құрар жетті күн.  
Кеңбайтақ жатқан даламда,  
Көсіле шабар жетті күн.  
Алаштың әр бір ұлына,  
Бәсіре байлар жетті күн.  
Алаштың әр бір ұлдары  
Көк байрағын көтеріп,  
Тәуелсіздігін қанат қып,  
Аспандап ұшар жетті күн!

#### IV

Қызым, саған Тәңірі өзі сыйлаған,  
Қанатың бар тым ұлы,  
Ұшқаныңнан естілетін гүл үні.  
Бабалардың аңсап өткен ғұмыры –  
Бостандық деп аталатын бұл қанат,  
мына өмірге келгенінде іңгәләп,  
Азат болып туғансың сен гүл – қанат.  
Бостандығың – қанатың,  
Самға, Күнім, самғап бақ!  
Тамылжыған әніңді қос таңға әппақ.  
Жырла мына қанатыңды ардақтап,  
Самға мынау сенің бұлтсыз аспаның,  
Кеңістігің, кереметің, асқағың!  
Самға, мынау сенің еркін ғұмырың,  
Еркіндігің – айдын-шалқар тұнығың.  
Қанатыңнан айналайын, Құлыным!  
Арманыңнан айналайын, Құлыным!



## КҮНӘ

Туған жер-ай, кіндік үзбес киелім,  
Құмықтырып шықпай жүрген күй едің!  
Қыңыр көшіп, қиыр қонған, сенделген,  
Қисынсыздау тағдырыма күйемін.

Мандайында қырық әжім қорым бар,  
Мандайымда қырық өрім сорым бар.  
Әжімінде әруақтар қабірі,  
Ал, сорыма сатқындыққа орын бар.

Алғы күнге алаңсыздық орнаған,  
Сорым осы сағына алмай қор болам.  
Айырбастап жіберіппін қалаға,  
О, не қылған сатқын едім сорлаған.

Қолым жайып жын-шайтанның жолына,  
Қарғыс айттым ізгіліктің сорына.  
Менен асқан болмағасын ақымақ,  
Менен аттам қалмай қойдың, о, күнә!

Сағынбаған сағынышым көп күнгі,  
Ұятым боп жанарыма кеп тұнды.  
Алақанын айға жайған бір сәби,  
Мендей мәңгі бола алмайсың деп күлді.



## ШЕТТЕГІ ҚАЗАҚ

Шеттегі қазақ шерменде,  
Шер мүжіп болған шекесін.  
Қор болған намыс кеуденде,  
Қамау тер шықпай өтесің.

Шімірікпейтін ұлын бар,  
Шұп-шұбар ала тілің бар.  
Елдігін аңсап еліңнің,  
«Елім-ай» дейтін кімің бар?!

Ереуіл атың бар ма еді,  
Ерттейтін оны ер қайда?!  
Егеулі найзаң бар ма еді,  
Еңсеңе тіреу ел қайда?!

«Ежелгі дұшпан ел болмас»,  
Есті сөз айтқан бабалар.  
Есерлер барда ем қонбас,  
Жыртылар жең мен жаға бар.

Ежелгі жаудың қолында,  
Өтпейтін пышақ жұлындап.  
Ұлың құл болса қайтесің,  
Күйсіз аттай шыбындап?!



Ежелгі жаудың қолында,  
Өтпейтін пышақ жұлындап.  
Қызың күң болса қайтесің,  
Жат қолында шырылдап.

«Есің барда елің тап»,  
Есті сөз айтқан бабалар.  
Ежелгі дұшпан ел болса,  
Жыртылар жең мен жаға бар!

2017 жыл.





## АҢСАУ

Туған жердің таңы әдемі, әні ыстық.  
Мына біздер сағынышқа қоса ішіп,  
төзімдерді тауыстық.

Құба белі құшақ-құшақ гүл ала,  
Көктоғайға көктем келген шығар, ә?  
Көп тоғайға жаңалық кеп күн ара!

Шимай-шимай шыңдарына Алтайдың,  
Шығып алып лаула көктем, марқай күн.  
Тандайында жұмыртқалап құстардың,  
Әнге айналып кеткен шығар әр қайғын.

Алтай асқан сонау бабаларымдай,  
Құсқа ілесіп мен де неге кетпедім!  
Бога көңіл менің махаббатымдай,  
Елжіреуік көктемім!  
Күз өртеген менің мұңлы жұртыма,  
Сағыныш болып көктедің.

Туған жердің таңы әдемі, әні ыстық,  
тұманы да өзгеше.  
Байлығыңды шүршіт алды демесем,  
Шүлен киен сол баяғы, өзгеше.  
Жыл құсындай жыраққа ұшып кетпесем,  
Қасиетінді мұнша терең сезбес ем.  
Тамыр тартқан топырағым тартып бір,



Сарала қаз сағынышым талпынтып,  
Қанат қақтым мен неше.

Махаббат пен сағыныштың самалын,  
Көктем үшін күнде іштім.


Ата жұрттың ақ самалын өпсем де,  
Бұл не деген бітпейтұғын үрдіс мұң.  
Көлден көріп туған жердің сағымын,  
Сарыарқаны мекен еткен бір құспын.





## ЖОҚТАУ

Айдаһар аузында  
Оспанның арманы жұтылып кеткенде,  
Алтайда ұйыған құт іріп кеткенде,  
Коммунист көлгірлер жұтынып жеткенде;  
Санамыз сатылып, түкіріп өткенге,  
Иманың иленіп, күпірлік көктерде,  
Иманын айтуға үлгірмей Арыстар,  
Арманда атылып кеткенде;  
Өр басы қырқылып қабылан батырдың,  
От тілі кесіліп бағылан ақынның,  
Кісәпір қолымен сатылып кеткенде,  
Ерлігі өлеңдей, өлеңі от сынды Махамбет  
Тұранның төсінде аһ ұрып өткенде;  
Кененің әз басын олжа ғып құзғындар,  
Қызыл қан төккенде,  
Бірлігің көкпар боп бұзылған бектерге.  
Қайыра қайраның азайып,  
Түбіңе қасірет жеткенде,  
Жауыңның алдында жыламай,  
Қасқайып тұрып ең, құламай,  
Рухың қайда сол, қазағым?!





## ТУҒАН ЖЕР

*Ағажай, Алтайдай жер қайда-ай?!*

*Халық әні.*

Мысы басып Аналар, Мыналардың...  
Маған әлі алыс па қуанар күн.  
Көктем сайын сарала қаз мойнынан,  
Келеді ылғи құшақтап жылап алғым.

Сағыныштан бұл көңіл менде сынық,  
Киелі күн тілімен емдеші үміт.  
Жарқ еткен жұлдыз арман бара жатыр,  
Көктемнің жаңбырындай жерге сіңіп.

Мендегі сағынышты, күрсінуді,  
Шарап қылып үн-түнсіз түн сімірді.  
Туған жер, сенің көктем тойыңа ар-  
нап, Жүрегімде көктетем бүршігіңді.

Қазірше тым алыста, айда рухым.  
(Айда жүріп әбестік қайғыру тым).  
Жүрегімде көктеген бүршігіңе,  
Сынық көңіл сауады майдың бұлтын.

Қазірше бұл ұлында алаң басым,  
«Ағажай...» деп шырқалса ән қалам жасып.





Ақ қарды жаулық қылған Ақжарыңа,  
Тұрамын түсімде ылғи амандасып.

Аспаныңа алақан жаям ұдай,  
Аясаң, бұл құлыңды ая, Құдай.  
Баяғыдай Ертiске сең жүрді ме,  
Қараөткелде құс бар ма баяғыдай?

Баяғыдай жоны сүт, бөктері май,  
Еркелейме көз қысып көктемiңе ай.  
Айдаһармен қарт Алтай қақ бөлініп,  
Арқа елінен адасып кеткенің-ай!

«Ағажай, Алтай...» болды тыңдар әнім,  
Мен қалай жазар екем бұл жараны?!





## КҮЗ. ТҮН

Жиып-теріп мезгілдің жапырағын,  
Бақ ішінде күз болып отырамын.  
Өлең етіп тіземін дәптеріме,  
Туған жердің әр шымшым топырағын.

Жазылмайтын дерт тапты жүрек енді,  
(Күншіл досым тағы да күле келді).  
Бір сағыныш бір басқа жетер еді,  
Мың сағыныш несіне түрегелді.

Жұлдыз біткен көз жасқа айналып ап,  
Тырс-тырс етіп тамады айға құлап.  
Бара жатыр жерлеуге бір ғұмырды,  
Бар ғұмырдың басына байланып ақ.

Қыз ғұмырдың көз жасын мұң ішкен күн,  
Құрбаны боп қомағай сүйістердің.  
Шашын жайып жылайды алдыма кеп,  
Түн арудың арына тиіскен кім?

Түн арудың пәктігі бүлінді уыз,  
Ертеңіме айта бар мұңымды күз.  
Таңға асылып өледі қарада тұр,  
Қасіретін құшақтап бұрымды «қыз»!



## ТОПЫРАҚ

Сүмбіле сұлу қиялда,  
Сүйіктім сүркей өмірде.  
Сезімсіз серттер жиі алдап,  
Жалынсыз өрттер емуде.

Туған жер саған сатқынмын,  
Тұнығың бойда қалмады.  
Арыма тіккен ақ туым –  
Оқ тиген жанның арманы.

«Тұрғын-ау, сені сүйем» деп,  
Айқайлап айтпақ едім мен.  
Күйшісі тірі, күйі өлген,  
Тірлікке дауысым көмілген.

Ақ шоқыдағы Абайдың,  
Алтайдағы анау бабамның  
Топырағына мінәжат,  
Етейін деп ем, ессізбін.  
Абыройын сатып атамның,  
Төбемді көкке жеткіздім.

Желөкпе мынау күніме,  
Жерік боп туған арманым –  
Асасын өртеп, тіріде  
Ақымға көміп ардағын.



Кіндігімді үзген топырақ,  
Тұрғын-ау, енді не дейсің?!  
Көрмеген сенің жасыңды,  
Көзімнің шелі көбейсін.

Жеріне табан тіремей,  
Жетім боп өскен оңбас ұл.  
Ақтармын арсыз жанымды,  
Ертіске жуып он ғасыр!





## АЛТАЙДАН...

Алтайдан адырнам тартылып,  
Қалаға қадалдым қан жебе күйімде.  
Ақ мамық қауырсын қанатым жұлынды,  
Дос түгіл, албасты күйінді.

Зымырап ұшуды ұмыттым,  
Мені атқан адырна санамда.  
Оқталдым сұлуға, қадала қалардай,  
Оқталдым ашылған толған ай – анарға.

Оқтаулы қалпымда, атылмай содан мен,  
Музейше меңіреу күйге ендім.  
Жесір боп жел, боран қалды да,  
Жасанды жарықпен үйлендім.

Қоңыр кеш.  
(мәйхана төрінде)  
улатқан шағымда жанымды,  
Жылт етіп өтеді бір елес,  
Садақтай серпілтіп тәнімді.

Сол кештің бірінде самарқау,  
Әзәзіл аптығып келеді.  
Әулие қолымен бір шал кеп,  
Музейдің түбіне көмеді,  
жебені!



\*\*\*

Туған жерге ту тігілмей,  
Мұң тігілді, жын өсіп.  
Ғапыл жасты кірпігінде,  
Бақ пен соры күресіп.

Кіндігімді көміп кеткен,  
Босағаммен бірге мен,  
Лас аяқ басқан сайын,  
Ластанып күнде өлем.

Жатқа кетсе бар ырысың,  
Жалыным да сөнеді.  
Кіндігімнен өсіп шыққан,  
Тамырлар ғой керегі.

Мен туралы жұлдызнама,  
Бақыттысың дейді ылғи.  
Бар бақытым осы ма еді,  
Қан соқталы сор миым.

Алғаш рет көзімді ашып,  
Алғаш рет күлгенім –  
Туған жерде.  
Туған жерім,  
туған елім –  
күн менің.



Үр дауысты сүйіншіңе  
Өзім құрбан болайын.  
Туған жерің аман деші,  
Жұбататын ағайын.









...Мен өліппін осылай  
сапар шеккен жолымда,  
Туған жердің тұманды  
картинасы қолымда...





\*\*\*

Мен өзіммен күресуден шаршадым,  
Бұл әуелден мендік тірлік емес-ті.  
Дүр көңілдің тауып бермес аңсарын,  
Қуа беру қыз-ғұмырлы елесті.

Мен өзіммен сөйлесуден шаршадым,  
Бұл әуелден мендік тірлік еді дүр.  
Кіл серінің оятатын аңсарын,  
Иранбаққа алып кетші мені бір.

Мәңгі мекен болмайды ғой иранбақ,  
(Мәңгі қалар онда адамның пақыры).  
Сор да сыйған, зор да сыйған, сыйған бақ,  
Алтайыма жеткізерсің ақыры.

Жер аңсаған аруанадай суалып,  
Сағынбасқа қоймас мына тірі дем.  
Сол Алтайды аңсай-аңсай қуарып,  
Сол Алтайда көктеймін ғой түбі мен.

2016 жыл.



## ӨМІР – ӨЗЕН

Балертіс бойы – бала күн,  
Ескермей алда мұң барын,  
Естімей үнін наланың,  
Ерекше өткен жылдарым.

Қараертіс бойы – ақ сағым,  
Қайғысыз күлкі, сайран бақ.  
Менсінбей тағын патшаның,  
Мезгілдің сәнін мейрамдап.

Қыранның бойы әдемі,  
Шілдедей көргем ақпанын.  
Сүюден алғаш бал еміп,  
Сүюден күнә тапқамын.

Лекіте жүріп арманды,  
Жүректі жараладым да.  
Балалық күлкім қалғанды,  
Қыранның жағалауында.

Есентай бойы – жастығым,  
Шағы еді кілең сапардың.  
Шаңында өтті мас күнім,  
Алматы дейтін шаһардың.

Өмірді тәтті өлең деп,  
Өлімге күлдім менсінбей.



Ертеңді күттім елендеп,  
Хош хабар айтар елшімдей.

Серілік құрдық бақ тасып,  
Еншілеп ессіз күлкіні.  
Ойнақтап жүріп от басып,  
Әке боп тындық бір күні.

Есілдің бойы, Арқада,  
Өмірдің қарсы алып боранын.  
Бас имей мұң мен налаға,  
Алшаңдай басып барамын.

Күлкінің шөлін қандырып,  
Өтер жаз, ертең жетер күз.  
Қайсы өзен бойын мәңгілік,  
Мекендеп қалар екенбіз?!

2015 жыл.







## Ң-ҒА

Жұбатты мені махаббат,  
Жүрген шағымда егіле.  
Кінәлаған жоқ, бірақ,  
Сүйе алмай кеткен мені де,  
Сүйдіре алмаған сені де.

Жұматайша айтсам:  
О, Ләйла,  
Сең болып соққан сезім ең.  
Кеудеме сыймас сыр болдың,  
Айтылмас адам сөзімен.

Қиялда сенімен сөйлестім,  
(Мәжнүндіктің әлегі).  
Бұл жара маған енді ескі,  
Ескілігімен әдемі.

Жұматайша айтсам:  
О, Ләйлә,  
Нәркес көз, нұрлы бейнеңді,  
Ұқсатам әлі арайлы  
Аяқталмаған сөйлемге.

Сол сезімдерді балалық,  
Жоғалтқан шығар мәңгіге.



Жоғалған жылдан нәр алып,  
Бітпеді біздің әңгіме.

Сол сезімдерді, сол ойды,  
Әлсін-әлі айтам паң күліп.  
Жұматайша айтсам: О, Ләйлә...  
Жүмекенше айтсам: «жаңғырық»!

2005 жыл.





\*\*\*

Мен саған ештеңе айтпайтын,  
Бір сұмдық халдемін.  
Сен болып мұңайып тұрады,  
Алдымда әлдекім.

Сен жайлы ойламау күнә да,  
Ал, ойлау ағаттық.  
Мен қалай жер басып жүргемін,  
Сен барда тағат қып.

Желөкпе ақынның жырына,  
Бекер-ақ еліттің.  
Жылаған бақытты аямай,  
Сорыма сеніппін.

Сен енді телефон шалма деп,  
Үзілген үніңді  
Естіген жүрегім ес жимай,  
Бақиға бұрылды.

«Қош» деуге қимайтын бақытым,  
«Кел» дей де алмайтын арманым.  
Енді мен өзімді кінәлап,  
Өтермін өзіңе таң қалып.

2006 жыл.





## КҮЗ ЭЛЕГИЯСЫ

Қас сұлудың төсегіндей суынған,  
Қандай мұңлы, қандай ғаріп күз еді.  
Ақ қайыңның жасын сүртіп жұбатып,  
Шашын жұлып жапырағын үзеді.

Ғаламат сол, жасыл түске өшіккен,  
Безереді сұрғылт тартып реңі.  
Сары кебінмен кіріп келіп есіктен,  
Жұлып алды ғашығының жүрегін.

Сондай шақта сұлдерімді сүйретіп,  
Мәйханаға тартып кеткім келеді.  
Мұңға оранған мұңлық күнді күйретіп,  
Масаң күйде шалқып кеткім келеді.

Ерлік біткен, еңсе түскен, ес кеткен,  
Тілі мылқау, ділі керең, рух өлген.  
Жатырынан жылап туған сол мұңның,  
Жөргегімен көз жасымды сүртем мен.

Өшіп қалған отымды үрлеп жандырып,  
Іңірге мен сырымды айтып салам ән.  
Кеткім келді керең күнді қалдырып,  
Жындыхана секілді бұл қаладан.



Өмірде еш сағынышым қалмаған,  
Мәңгүрт күйде төсегімді жылытып.  
Көп отырып, асып әрең арнадан,  
Сені аңсаймын, сосын бәрін ұмытып...

...Сағыныштың телефонын тындасам,  
Арғы жағынан көрінесің мұнардың.  
Әлсін-әлі сен оятып тұрмасаң,  
Мәңгілікке көз ілетін шығармын!

2006 жыл.





## **АРЫЛУ**

Бір сұмдық бар кеудемде жасырынған,  
Толып кеткен жүрек мұң, басым уға.  
Жар да емессің, жат та емес, қарындас та,  
Дос та емессің сен маған, ғашығым да.

Әйтеу мені қинайсың, күйретесің,  
Түсіресің бір ғажап күйге тосын.  
Шанағынан шашалып шықпай жүрген,  
Жүрегімді тербетер күйме екенсің.

Саған айтқым келеді әлденені,  
Өзім білмес бір сезім әуреледі.  
Сонау күнгі арманым жырға айналып,  
Музам болып қалып па ең, әлде, менің?!

Сырың тұр ғой, нұрынды шашпа мұнда,  
Жетер енді, мұрсат бер басқа мұңға.  
Ақшыл бетің ағарып, айға айналып,  
Тұрып алдың елес боп аспанымда.

*2006 жыл.*



\*\*\*

Талықсып тұрмын  
аспанның арғы жағына телміріп,  
Күмілжіп қалды  
көктемнің көмекейіне жел кіріп.  
Мен сонда осы  
көктемнің мәңгілігінен түңілгем,  
Баянсыздыққа  
жанымды айнымас етіп сендіріп.

Мен сені алғаш көргемін,  
көрікті едің, көркем ең,  
Күз күні еді онда сары мұң  
жапырақтарды өртеген.  
Мәңгілік сағынышым деп  
ойламадым ғой ол шақта,  
Ынтызарлықпен кеудемнен  
төгіліп еді ерке өлең.

Көкірегіме байландың,  
мәңгілік сонда із қалып,  
Артынша қыс та келгенді  
сұлу қайыңды сыз қарып.  
Көктем де келді жетінші...  
Көркемдігі құрысын,  
Керемет сенің белгіндей  
жапырақтарды қызғанып.







## ЕРТЕГІ СЫНДЫ МАХАББАТ ЕДІҢ

Ертегі сынды махаббат едің,  
Ертегі сынды сезім ең.  
Қарайтын едім қансырағанша,  
Ғашықтың мұңлы көзімен.

Көретін едім көкірегіммен,  
Көңілді тұман мұң басып,  
Мөп-мөлдір өлең жазылатын-ды,  
Көзімнің жасы бір қасық.

Өзіңе сондай өкпелейтінмін,  
Жарасы үшін жанымның.  
Ғашықтығыма қуанатынмын,  
Бақыты бұл деп сары ұлдың.

Басымды сүйеп бал елесіңе,  
Жылайтын едім, жылайтын.  
Қанаты сынған қаршыға жүрек,  
Қасыңа келіп құлайтын.

Өзімнен артық білетін едің,  
Қанатсыз, әрсіз халімді.  
Ақыры бір күн сағыныш дейтін,  
Сатпайтын досым табылды.



Мәңгілікке орнын толтыра алмайтын,  
Айлы кештерде есем бар.  
Өмірлік ішіп тауыса алмайтын,  
Заһар құйылған кесем бар.

Ғашықтығымды айта алмағанмын,  
Жасқаншақ сезім түрмелеп.  
Жасықтығымды жерлегем сосын,  
Жылағам ұзақ түнге кеп.

Көріме бірге көмілер енді,  
Таба алмай өткен жүрек ем.  
Егіліп тұрып оқимын саған,  
Маһшар күнінде бір өлең!

*2008 жыл.*





## ҰМЫТУ

Қалай да, қалай ұмытар екем,  
Осынау ғажап ескі үнді.  
Күн көтерілер анау бір тұстан,  
Тағы да дауысың естілді.

Мәңгіртіп өтер мәңгілік мекен,  
Тұрағың ба еді жүрегім?!  
Гүл болып мұнда өсіп алдың ба,  
Нұр болып ұшып жүр едің.

Әлімді білмей әлек болып ем,  
Әлгі бір шырын шақта мен.  
Алтайдың әсем бақтарынан да,  
Өзіңе тең гүл таппап ем.

Сондағы менің кеудеме сыйған,  
Махаббат толы өр күшке.  
Тең келмес еді таудың тасқыны,  
Тең келмес еді Ертіс те.

Арнама сыймай тасып кетсем де,  
Асып кетсем де аңдамай.  
Ақылға сыймас ағыстарыма,  
Қасқайып тұрдың сен қалай?!!





Ал бүгін...  
Нөсер, тасқын басылған,  
Ақылым кірген анық бір.  
Әр кірпік қағыс, қимылдарымды,  
Сенің елесің бағып тұр.

Қалай да, қалай ұмытар екем,  
Осынау ғажап ескі үнді.  
Күн көтерілер анау бір тұстан,  
Тағы да дауысың естілді...

*2010 жыл.*







Тандайымда жыр дәміндей  
сағыныштың дәмі қап,  
Оянамын қоңыраудан,  
трупканы жарым ап.  
Тереземнен телміреді мұнар күн,  
Суық торғай басында отыр шынардың.  
Түсініксіз түс көбейіп барады,  
Сағыныштан мен шаршаған шығармын.  
Түсімде...

*2012 жыл.*





## ҚОШ

Сүйемін деп айта берем қашанғы,  
махаббатта жауыр болған осы әнді.  
Он алтымда жүрегіме орнатқан,  
құлпытасқа қашаулы.

Сағындым деп айта-айта шаршағам,  
жолданбайтын хаттар жазып мен саған.  
Көкаршынның қанатына байлаулы  
егілтетін қаншама ән.

Сені ойлаудан қажып біттім, көркемім,  
қара сөзбен айтылмайтын ертегім.  
Жеті түске бояп алып сезімді,  
жетіген қып шертемін.

Сезім сондай мөлдір ме ең,  
қайдан ғана сені көргем мен бірден.  
Жастығымда сөз салатын мың қызға,  
саған ғашық болдым мен.

Сүйемін деп айта берем қашанғы,  
махаббатта жауыр болған осы әнді.  
Өз қолыңмен жүрегіме орнатқан,  
құлпытасқа қашаулы.



Жырлай бермей құлын мүсін, тұлғанды,  
ұмытсам ғой осы тәтті мұңлы әнді.  
Боз баланың жүрегінен жасалған,  
алқа тағып жырдан бір!

2012 жыл.





## **ХАТҚА ЖАЗЫП КЕТЕМІН**

Дыз етпе бұл сезімді қандатып ап,  
Таба алмайтын сәтім көп жанға тұрақ.  
Хат жазбайды бұл күнде ел,  
Соны білмей,  
Хат күтетін сенен көп мен де ақымақ.

Ал, сондағы жетерім нала ғана,  
Сары күнде сабырлы ой санамалау.  
Қауырсын ғып хат жазу самырсынның  
Сабау-сабау саусағын саған анау.

Хат жазбайды бұл күнде,  
Соны білмей,  
Хат жазуға сүйрейді соны бір ой.  
Жер ортаға сүйреген күнді ескермей,  
Басылмай жүр баяғы желігім, ей.

Бар салмағы менде жүр жер үстінің,  
Бөліп-жара көтеріп, бөлісті кім?  
Шарап жасап берейін сағыныштан,  
Ақын мұңы зәмзәм деп сен іш, күнім!!

Қуат алып бұлқынсын құлын денең!  
Мен – ақынмын, ағам – ән, інім – өлең.  
Жүректің көпіршіген күллі жырын,  
Хатқа жазып кетемін түбінде мен.



## ХАТ

Халім бе?  
аман, тірімін,  
Ойлардан аздап шаршағам.  
Ғалам ба?  
Ғалам былыққан,  
Ылыққан иттей арсалаң.

Жүрегім аздап ауырған,  
Ашыған айран ми деген.  
Сағыныш аулап сағымнан,  
Төзім де ақыр күйреген.

Сен жаққан едің, сол отпен,  
Өртеніп ұзақ, басылғам.  
Жазғаным қазір жыр емес,  
Албарынды айғай ашынған.

Босқыннан бетер зарлы үні,  
Бостандық дейтін бір ән бар.  
Өмірім толы дүрбелең,  
Өзегінді өртер ұрандар.

Жалғызым, жарым, жырым да,  
Селдеген сезім еді бір.



Жүдеген күнге жем болған,  
Жұлмалап жұтты оны іңір.

Телміріп тұрам тым ұзақ,  
Елеспен сызған мүсінге.  
Қап-қара қасқа тұлпарға,  
Ер салып жатам түсімде.

Отаным Қазақстанды,  
Мекенім Алтай,  
жер үстін,  
Тұлпармен шарлап түсімде,  
Қайғысын, мұңын бөлістім.

Түсімде сосын ән салып,  
Сері де, сетер күн кештім.  
Ақанмен, Асан қайғымен,  
Арқа төсінде тілдестім.

Оянсам, мезгіл таң алды,  
Беймаза көңіл баяғы.  
Еменнің санап саусағын,  
Бата алмай тұрған ай әлі.

Көкжиек әне көзі іскен,  
Қызарған қабақ жаралы.  
Құлынын ертіп тарлан боз,  
Батысқа беттеп барады.





Батысқа мен де асығам,  
Ол енді тым-тым күлкілі.

.....

Еңсемді таудай тік ұстап,  
Есімді жиып бір күні,  
Құрбаны болып өлсем ғой,  
Қазақ деп туған дананың.  
Иманы болып енсем ғой,  
Азат боп туған баланың!





## БІР ХАТ ЖАЗЫП ЖІБЕРШІ

Бұлт ішінде бұлаң еткен бір сурет,  
Өлеңіме көшірдім.  
Сен орамал бұлғаған күн келмедім,  
Қырсықтығымды кешіргін.

Елесінді құшу ғана бұйырған,  
Әр түн сайын түсіме кеп түнерсің.  
Жүз өлеңге айналдырып қайтарам,  
Бір хат салып жіберші.

Бір хат байлап жіберші,  
Сенен ұшқан қанатына құстардың.  
Әуен болып әлдилейтін біздерді,  
Маһшар да сені құшқан күн.

Бір хат жазып жіберсеңші тағы да,  
Жар ете алмай армандаған «жарыңа».  
Шыр-пыр етіп маза бермес жаныма,  
Құс – сағыныш қонақтасын бағыма.

Бір хат жазып жіберші!

2017 жыл.



## СОҢҒЫ ХАТ

Хатың келді.  
Қақ бөліндім, жыладым.  
Менікі емес мына бақыт, мына күн.  
Менікі емес мына жүрек, мына ми,  
Естілмейсің керең болған құлағым.

Елес көкте. Елес кеткен құс болып,  
Елестеткен едім сені түс көріп:  
Сен – жыладың, мен – мұңайдым, ол –  
күлді,  
Аспандағы ай аяқ асты түсті еріп.

Содан кейін мен де кеттім мәңгіріп,  
(Көк бөрілік туған жерде қалды ұлып).  
Шимай-шимай хат жазылған жүректі,  
Жібердің сен өз отыңмен жандырып.

Хатың келді.  
Мен мұңайдым, ол күлді,  
Жасың тыйдың, жаның күй боп шертілді.  
Домбыра боп сөйлеп кеттің, сұм-  
дығы-ай,  
Ішек қылып менің сонау сертімді.

Өткенімнің бәрін салып есіме,  
Тірі жүр деп тілегенсің несіне.



Көзім ағып кеткен шығар көп тұрып,  
Жанып жатқан жүрегіңе тесіле.

Алжасып қап айта алмаған әнімді,  
Алаң болып қайта арнаған әнімді,  
Кім тыңдасын?!  
Сен естісең болғаны,  
Ескі жырды еліткен сол жанымды.

...Кеудемдегі әп-әдемі елес ең,  
Сол кеудемді жарып ұштың неге сен?!  
Мені мәңгі кешірмей өт,  
жалғанда  
Кешіріліп жылап жүрсін демесең.







## ҒАШЫҚ БОЛҒАН КҮННЕН БЕРІ...

Сен білмейсің, менің мұңым бір түрлі,  
Қиялимын, кімдік<sup>1</sup> жеңген күлкімді.  
Ең алғашқы ғашық болған күнімнен,  
Жанарыма құрғамас жас іркілді.

Қай кез еді ол,  
Қара қыздың жанары  
Жүрегімді түйрегенде, о бәлі!  
Содан бері, садан бері кеудемде,  
Мәжүнін болған басқа жүрек соғады.

Ал, айтып көр, айығып көр, күліп көр,  
Ол кезде оны балаға жат қылық дер.  
Өртенгенде жазған жырды көріп ап,  
Күлетұғын жұптары бар жігіттер.

Ал мен болсам күні-түні көз ілмей,  
Ғашықтықтан өзге ештеңе сезінбей.  
Ойлайтынмын, әйел заты жалғыз сол,  
Әлемдегі жалғыз еркек өзімдей.

Әттең, әттең сүйісерге баламыз,  
Мөлдiрейміз, тым-тым жақын арамыз.

---

<sup>1</sup> Кімдік – көне сөз. Құса болудан болатын ауыру.



Ертектерден шығып келе жатамын,  
Түсімде ылғи хан қызы боп қара қыз.

Қара қызға ғашық болмау мүмкін бе?  
Деймін тосын сырлас болған кім-кімге.  
Жігіт болып кеттім сосын амалсыз,  
Төрт-бес жылға есейдім де бір түнде.

Мәжнүн болдым миы шіріп ақылдың,  
Өзәзіл кеп у іш десе мақұлмын...  
Ғашық болмай тұрған кезде баламын,  
Ғашық болған күннен бері ақынмын...

*2006 жыл.*





\*\*\*

Жаныма қалай жақын боп қалдың,  
Шықпайсың неге түсімнен?  
Аузымдағы иман атың боп қалды,  
Қинайсың удай ішілген.

Мөлдіреп тұнған шарап көзіңнен  
Аймалап өтсем – арманым.  
Сабырымды әбден сарқып бітеді,  
Саған бастайтын жолдарым.

Жетпейтінімді білемін тағы,  
Жетпейтініңді білесің.  
Жанымды тағы жаралайсың ғой,  
Жасырып неге күлесің.

Жаныма солай жақын боп қалдың,  
Мезгілсіз сүйген мұң ашты, ә?!  
Сен өзің айтшы секемшіл елік,  
Ғашық болғаным рас па?!

2007 жыл.





## КӨШЕДЕН КҮЛІП КЕЗДЕСТІҢ

Көшеден күліп кездескен қарғам,  
Не дейін саған, не дейін?  
Жиырма бестегі ерлігім болсын,  
Жүрегімді алып берейін.

Жүрегім берем, өтеуі болсын,  
Ән салып берші түнімен.  
Тірліктен шаршап оралдым бүгін,  
Келгендей тамұқ түбінен.

Жүрегім берем, өлеңге орап,  
Жай ғана сыйлық емес бұл.  
Енді қайтейін, шаһар сыйлайтын,  
Ғафиздей жомарт емеспін.

Өлеңнен өзге бере алман саған,  
Орыны жоқ бұған өкпенің.  
Саған сыйлауға бір шаһар тұр ғой,  
Жарты лашығым жоқ менің.

Десе де, баймын, кең далам бар ғой,  
Гүлін берейін тауымның.  
Жарлы ақындардың жарты байлығы –  
Лебізі сендей арудың.

2008 жыл.



\*\*\*

Махаббат, сен мылқаусың, меңіреусың,  
Біздер жайлы, мұңлығым, не білесің?  
Қанжарыма мойын боп ораласың,  
Қабіріме қан болып төгілесің.

Сайран салған көңілдің жазы қалып,  
Біз де, сен де адастық, ажырадық.  
Саған қойған ескерткіш дейтін шығар,  
Күл мүрдемді моламнан қазып алып.

Сен жоғалсаң өзің айт, ұятты кім?  
(Жоғалмауға уәде сұрап тұрмын).  
Адам болып кеткенім жөн-ау менің,  
Ақын болып кететін сияқтымын.

Зарлы еді ғой сенің де қашанғы әнің,  
Қайда бірге бақытқа шашалған күн.  
Жерұйық пен адалдық іздеп кеткен,  
Екі мұңлық: сен де – мұң, Асан да – мұң.

2005 жыл.



## СЕН МЕНІ...

Сен мені сезінер ең –  
Кеуденді буындырса сезім ерен.  
Қарай білсең әлемге бейтаныс бір,  
Жылап жатқан сәбидің көзіменен.

Сен мені сезінер ең –  
Қарай білсең ақынның көзіменен,  
Жұмбақ түнді найзалап кірпігіңмен,  
Таң алдында талықсып көз ілер ең.

Сен мені сезінер ең –  
Тұла бойды тулатып кезіп өлең,  
Түпсіз ой кеп кеуденді тырмаласа,  
Айтып болмас адамның сөзіменен.

Сен мені түсінер ең –  
Күрессең бір тылсымның күшіменен,  
Мына әлемге сыймайтын сезім билеп,  
Сонда еріксіз мені еске түсірер ең.

Сен мені байқар едің –  
Бір адам боп көрінсе байтақ елің,  
Жек көрсең өзінді өзін жетімсіреп,  
Шарап құйған шаранды шайқар едің.



Сен мені байқар едің –  
Үзіліп бір, жалғанса қайта демің.

Мен жайлы білсінші деп байтақ елің,  
Мен жайлы түсіндірме айтар едің,  
Бірақ сен...

2004 жыл.





## ЕСКІЛІК

Барлығы да мына бізден қалған із,  
Алғаш ғашық, аңқау жігіт, алма – қыз.  
Хат жазамыз, хат ішіне от салып,  
Отпен бірге өзіміз де жанғанбыз.

Қыздың бәрі қымсынады, көнбейді,  
Жігіт біткен бір бақытқа шөлдейді.  
Қыз сыр ашпай, жігіт барлық жарасын,  
Қыз алдында «ерлігімен» емдейді.

Үкісіндей алма қыздар үміттің,  
Білмейтін-ді бұзыларын тұнықтың.  
Қызды апасы шығармайтын кешқұрым,  
Төзімдерін төгіп-шашып жігіттің.

Алғаш ғашық алма қыздар жылайтын,  
Айлы түнге алқынатын сыр айтып.  
Алғаш ғашық аңқау жігіт хат жазып,  
Таң алдында төсегіне құлайтын.

Алма – қызға үйленеді қиялда,  
Мына бақыт кеудесіне сыя алмай,  
Жылап жатып оянатын түсінен,  
Езудегі пәк күлкісін жия алмай.



Аңқау жігіт хат беретін жасырып,  
Күйіп-жанып, Тәңіріге бас ұрып.  
Өп-өтірік қырсығатын алма қыз,  
Тұрса да іштей хат оқуға асығып.

...Егіз жүрек елемейтін ешкімді —  
Аңқау жігіт, алма қызға ес кірді.  
Кестеленген орамалдар жоғалып,  
Есінді алған естеме хат ескірді.





## РЕНІШ

Бүлдірдің ғой...  
Жүрек жүзге, жер үшке.  
(Жоламаспын мұндай жұмақ, бейішке).  
Сайтан сағым елесімен алдаған,  
Мен үшін сен бір күнәһар періште.

Е, періштем, сені сүйген мендей кім,  
Бар бақытым сенде ғой деп шөлдеймін.  
Жүрегімді бала мысық тырнаған,  
Саған, сосын бақытыңа сенбеймін.

Періште – мұң, ол бақыттың азабы,  
Жүрегімді жаралайды жазады.  
Мәжүнінше мәңгіріп-ақ кеттім-ау,  
Ләйлісінің жұбата алмай назы, әні.

Маған күзден жапырақ – мұң жеткен бе?  
Лағнетті неге айтамын өткенге?  
Ғазалдарын қайталаймын Ғафиздің,  
Мені ұмытып кеткен жұмбақ көктемге.

...Ешкіммен де сағынышты бөліспей,  
Бүліндім ғой.  
Жүрек жүзге, жер үшке.  
Саған айтам ғазалдарын Ғафиздің,  
Ей, мен сүйген періште!



\*\*\*

*Сен бақытты бола алмайсың, білем мен...*  
**Бекен СҰЛТАН.**

«Сен бақытты бола алмайсың, білем мен»,  
Көгіндегі ай қарайып, күн өлген.  
Сыңсып жылап жалғыз тырна дауысы,  
Ауыр мұңлы алғы күнің түнерген.

Мен бақытты бола алмаймын, себебі:  
Есіл күнім есік қақса өледі.  
Екі дүние ортасында сенделем,  
Тәтті жырға пысқырмайтын пендемен.

Бақыт деген жоқ деп білем сол үшін,  
Бақыт деген алданышты келісім.  
Бақыт деген бақытсыздық мен үшін,  
Бақыт деген бақытты аңсау сен үшін.







## САҒЫНЫШ

Мен сені енді менді қыз,  
Сүймейді десе ел сенбейді.  
Сағынысамыз енді біз,  
Сағыныш от ол – сөнбейді.

Асық сен мейлі, алып ұш,  
Қырларға көз тік гүл басқан.  
Аралық емес сағыныш,  
Құмарлық та емес, тым басқа.

Жалыну да емес, мұң да емес,  
Қуаныш та емес, қайғы да,  
Періште де емес, жын да емес,  
Етпейді өлшем айды да.

Алыстан жеткен үні тым,  
Шексіздікте оның өлшемі.  
Сағынам сені күні-түн,  
Білмеймін, бірақ, мен соны!

2004 жыл.



## ЖҮРЕК

Бұл жүрек...  
Бәз біреуді сағынатын секілді,  
Үлбіреп...  
Іздегені табылатын секілді.  
Күлді кеп...  
Жын ұрғандай қағынатын секілді.  
Бұлқынды,  
Алқынды кеудеге симайтындай,  
Күрсінді,  
Бір дерті қинайтындай.  
Бұл жүрек...  
Сағы сынбасын деп,  
Соқсын, тынбасын деп  
Жұбатып жүрмін.





\*\*\*

Бұл қалған арман соңғы арман,  
Жорығы бітпей жол қалған.  
Жетім мұң жеген жүректе,  
Желегін жапқан сор қалған.

Сезе алсаң мұны уайым,  
Серіксіз жүрмін, Гүлайым.  
Сергелдең жанға сен керек,  
Сертіме сенші, Құдайым.

Еріксіз өртеп өленді,  
Толқынға беріп кемемді.  
Жанымды мұңға толтырып,  
Жоқ болып кетем мен енді.





## ТУҒАН КҮНІҢЕ

Анау бақ біз табысқан көктем бағы,  
Жүректі жылмық нұрмен өпкен бағы.  
Содан бері көгіме ай қонақтап,  
Көңілдің көкке атылып кеткен-ді әні.

Ал, анау іңірдегі су сарыны,  
Жүректің тұнып тұрған тұмса мұңы.  
Жар етіп маған тәңір бір мендіні,  
Жар еткен сосын саған бір сарыны.

Көңілдің гүл құшақтап көбелегі,  
Жүрегім жұлқып қашты делебені.  
Қосу деп қосып қойдың қос сызықты,  
Білмеймін менің үнім не дегенін.

Сен айттың, көзбен айттың, үндемедің,  
Мен айттым, сөзбен айттым, үндемедің.  
Кекілін кілкіген нұр тарап қалып,  
Анау ай есі кетіп күлген еді,  
Дүр етіп дуадақ жыр көкке атылды,  
Қағазға қонбай қалқып тұрды өлеңім.

Малынған махаббаттың ақ нұрына,  
Сезім – патша, жүректер – ақ тұғыр, ә.



Білмедің, сол түні мен масаң қайттым,  
Шарап тамып кеткендей шаттығыма.

Айналдық айдың барып өрісінде,  
Айналдық бір жүрекке сол үшін де.  
Содан бері ақ тілек айтар болдым,  
Жыл сайын желтоқсанның он үшінде!

2005 жыл.





## АҚЫН. ЖАР

Мен армандап жүргенім,  
Сандалу мен сағым ғой.  
Сен армандап жүргенің,  
Мендегі асқақ арын ғой.

Мен бақыт деп жүргенім,  
Өлең еді, жыр еді.  
Сен бақыт деп жүргенің,  
Жас ақынның жүрегі.

Мен жетсем деп жүргенім,  
Өкіншсіз өлім ғой.  
Сен жетсем деп жүргенің,  
От жағатын жерің ғой.

Менің сүйіп жүргенім,  
Қиялдағы мүсін де.  
Сенің сүйіп жүргенің,  
Алдамшылау түсің бе?!

Мен ақын деп аталған,  
Сені жылытпас жылулық.  
Сен ана деп аталар,  
Әйелдегі сұлулық.



Ақтық үн емес пе екен мына күбір:  
«Тарпаң едім бір аты – ұл, бір аты – нұр.  
Ақылын қара өлеңнің десі басқан,  
Ақыныңды өбектеп жұбат іңір.

...Бәрібір еңсем түспей тік тұрамын,  
Аман болса тұраным – нық тұрағым,  
Арқама ат ойнатқан оспадарға,  
Қазақтың кім екенін ұқтырамын».

Көк теңіз, көкбет толқын – кекті кеуде,  
Ұсынды уын құйып отты демге.  
Кең төрде көсілмейтін көбең өмір,  
Мұң тербер өлең болып өтті менде.

*2017 жыл.*

## МАЗМҰНЫ

Дәулеткерей КӘПҰЛЫ	
АҚ ТІЛЕК.....	3

### *БІРІНШІ БӨЛІМ*

#### **САҒЫНЫШТЫҢ АЙЫ БҰЛ – САРШАТАМЫЗ!**

МЕНІҢ МАУСЫМДАРЫМ .....	9
ЕРТЕК .....	11
ЖЫРАУ.....	15
ЖОРЫҚ .....	17
АБЫЛАЙ .....	19
БҮГІН .....	21
ТІЛ.....	23
ЖАЛҚЫ ШУМАҚТАР .....	24
ЖАҢА ҚАЗАҚ ПЕН КӨНЕ ҚАЗАҚ.....	30
КҮЗГІ ЖЫР .....	31
«ӨЛЕҢ САТАМЫН» .....	32
ДАТ .....	34
ДАЛА .....	36
КҮЗ ӘНІ .....	38
КЕЙІС .....	40
ӘУЕН .....	42
ҚАҢҒЫРУ .....	44
АЗАТТЫҚ .....	45
АЛДАУ .....	47
БОДАН ХАЛЫҚ ӨЛЕҢІ.....	48
ЕРКІН ХАЛЫҚ ӨЛЕҢІ .....	49
АҒА .....	50
ТАС МҮСІН ЖЫРЫ .....	52
ҚОРҚЫНЫШ .....	54
БЕСІК ЖЫРЛАРЫ .....	56



ҰЛПАН.....	56
ШОЛПАН .....	57
СҰЛТАН .....	59
СЫЛТАУ .....	61
КҮЗ КЕЛДІ КҮРЕҢ БҰЛ МАҢҒА .....	64
ПЕССИМИЗМ .....	65
ТҮН .....	66
ЕНЖАРЛЫҚ .....	67
ҮРЕЙ .....	68

*ЕКІНШІ БӨЛІМ*  
**АЛТАЙДЫҢ ТҮНІН ӘЛДИЛЕР МҰҢМЕН...**

БАЙҒҰС ҮНІ .....	71
ОМБЫДАН АТТАНУ .....	73
СОҢҒЫ ШАЛ. ЕРТЕК .....	76
ҚАНАТ .....	79
КҮНӨ .....	83
ШЕТТЕГІ ҚАЗАҚ.....	84
АҢСАУ .....	86
ЖОҚТАУ .....	88
ТУҒАН ЖЕР .....	89
КҮЗ. ТҮН .....	91
ТОПЫРАҚ.....	92
АЛТАЙДАН... .....	94
ТҮС .....	97
ӨМІР – ӨЗЕН .....	100

*ҮШІНШІ БӨЛІМ*  
**ЕРТЕГІ СЫНДЫ МАХАББАТ ЕДІҢ...**

Қ-ҒА .....	105
КҮЗ ЭЛЕГИЯСЫ .....	108

АРЫЛУ .....	110
ЕРТЕГІ СЫНДЫ МАХАББАТ ЕДІҢ .....	113
ҰМЫТУ .....	115
СЕН ТУРАЛЫ .....	117
ҚОШ .....	119
ХАТҚА ЖАЗЫП КЕТЕМІН .....	121
ХАТ .....	122
БІР ХАТ ЖАЗЫП ЖІБЕРШІ .....	125
СОҢҒЫ ХАТ.....	126
ҮНСІЗДІК.....	128
ҒАШЫҚ БОЛҒАН КҮННЕН БЕРІ... ..	129
КӨШЕДЕН КҮЛІП КЕЗДЕСТІҢ .....	132
СЕН МЕНІ... ..	134
ЕСКІЛІК .....	136
РЕНІШ .....	138
САҒЫНЫШ .....	140
ЖҮРЕК .....	141
ТУҒАН КҮНІҢЕ .....	143
АҚЫН. ЖАР .....	145

## **ЭПИЛОГ**

ЭПИЛОГ .....	147
--------------	-----

*«Нұр Отан» партиясы Ақмола облыстық филиалының қолдауымен «Алдаспан» сериясымен көкшетаулық жеті жас ақынның жеке жыр жинақтары жарық көреді:*

1. Жайнарбек ЗАНДЫБАЙ  
«БӘСІРЕ»

2. Серікбай ӘБІЛМӘЖІН  
«САРШАТАМЫЗ»

3. Мерген ТОҚСАНБАЙ  
«АНТИТЕЗА»

4. Қуаныш ОСПАН  
«АСПАНДАҒЫ АСТРА»

5. Құрмет ҚҰРАЛХАН  
«МӨР»

6. Бақытбек БЕКМҰРАТ  
«ҚОҢЫР МҰҢ»

7. Серғазы ҚАЙЫРБОЛДЫ  
«ПОСТСКРИПТУМ»

Серікбай ӘБІЛМӘЖІН

## **САРШАТАМЫЗ**

Өлеңдер

Кітап «Нұр Отан» партиясы Ақмола облыстық филиалының қолдауымен «Алдаспан» сериясымен басылып шықты.

**Редакторы:** Мерген ТОҚСАНБАЙ  
**Тех. редакторы:** Алғыс СЕРІК  
**Көркемдеп беттеген:** Қойшыбек МҮБАРАК  
**Корректоры:** Раушан ОМАРОВА

*Кітапқа Шәкен Бөкетайұлының суреттері,  
мұқабаға Chia hou sai картинасы пайдаланылды.*

---

Басуға 15.06.2018 қол қойылды. Формат 70x84/<sup>1/32</sup>  
Шартты баспа табағы 4,37. Тапсырыс № 825  
Таралымы 500 дана.

---

Жеке кәсіпкер Н.Ф Устюгова.  
«Мир печати» баспасы  
020000. Көкшетау қаласы,  
Капцевич көшесі, 230 үй.



## Серікбай ӘБІЛМӘЖІН

1984 жылы Қытай Халық Республикасының Алтай аймағында дүниеге келген. 2008 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың химия факультетін тәмамдаған. 2015 жылы Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті филология бөлімінің магистарурасын бітірген. Бурабай ауданының мектептерінде мұғалім, Бурабай аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры, аудандық «Бурабай» газетінің редакторы болып қызмет атқарған. Өлеңдері «Сарыарқа самалы» ұжымдық жыр жинағына, «Жыр маржаны» атты қазақ поэзиясының он томдық антологиясына енген. 2014 жылы «Хантәңірі» баспасынан «Үркертөлғақ» атты жыр жинағы жарық көрген.